



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Медициналық білім беру ұйымдарын
институционалдық аккредиттеу
Стандарттары мен Нұсқаулығы
(Қазақстан Республикасы)

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу
стандарттары мен нұсқаулығы
(Қазақстан Республикасы)

Нұр-Сұлтан 2019

АЛҒЫСӨЗ

1 «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеме **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН.**

2 «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекеменің бас директорының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №117-19-ОД бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандартта «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының нормалары іске асырылған.

4 Осы стандарттар 2015 жылғы 14-15 мамырда Білім министрлерінің Ереван конференциясында бекітілген Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарымен (ESG, 2015) үйлестірілген.

5 ТҮПНҰСҚА ҰСТАУШЫ Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі: 010000, Астана қ., Б. Момышұлы к-сі, 2.

6 ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| 1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР | 4 |
| 1.1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ..... | 4 |
| 1.2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 4 |
| 1.3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР | 5 |
| I. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ..... | 8 |
| II. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ..... | 12 |
| III. АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ..... | 38 |
| 1. «МИССИЯ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР» СТАНДАРТЫ | 39 |
| 2. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ» СТАНДАРТЫ | 44 |
| 3. «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ | 55 |
| 4. «БІЛІМ АЛУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ | 58 |
| 5. «АКАДЕМИЯЛЫҚ ШТАТ / ОҚЫТУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ..... | 63 |
| 6. «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» СТАНДАРТЫ..... | 67 |
| 7. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ..... | 74 |
| 8. «БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕТУ» СТАНДАРТЫ | 77 |
| 9. «ҮНЕМІ ЖАҢАРТУ» СТАНДАРТЫ | 80 |
| БИБЛИОГРАФИЯ..... | 82 |
| 1-ҚОСЫМША | 83 |
| 2-ҚОСЫМША | 88 |
| 3-ҚОСЫМША | 89 |
| 4-ҚОСЫМША | 89 |
| 5-ҚОСЫМША | 90 |

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қолданылу саласы

1.1.1 Осы стандарт институционалдық аккредиттеу стандарттарының негізгі ережелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.1.2 Осы стандарт оның мәртебесіне, ұйымдық-құқықтық нысанына, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, институционалдық аккредиттеу рәсімін жүргізу кезінде қолданылады.

1.1.3 Осы стандарттарды медициналық білім беру ұйымы қызметті ішкі бағалау және тиісті ішкі нормативтік құжаттаманы әзірлеу үшін де пайдалана алады.

1.2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

2. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Заңы.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Заңы.

4. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты 2018 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы.

6. «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 629 бұйрығы.

7. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

8. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

9. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

10. Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының базалық медициналық білім беру сапасын жақсарту жөніндегі халықаралық стандарттары (ДМБФ, Копенгаген университеті, 2017).

1.3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта жоғарыда санамаланған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге (1.2-тармақ) сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Оларға қосымша осы стандарттарда мынадай анықтамалар белгіленген:

Академиялық ұтқырлық: білім алушыларды немесе зерттеуші-оқытушыларды оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта тапсыра отырып, басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру;

Талдау: аккредиттеу объектісінің жекелеген бөліктерін бөлумен және/немесе зерделеумен сипатталатын зерттеу әдісі, білім беру қызметтерінің сапасын бағалау үшін деректерді анықтау, жинау процесі.

Сыртқы сараптау комиссиясының сапары (*Site Visit of the External Expert Panel*): ЖОО-ның өзін-өзі бағалауы бойынша бұрын ұсынылған есеппен шынайы сәйкестігін тексеруді, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы мен тиімділігін бағалауды, стейкхолдерлермен әңгімелесуді және сауалнама жүргізуді, сондай-ақ сапаны арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеуді көздейтін тұтас аккредиттеу процесінің жалпы қабылданған компоненті.

Кредиттерді аудару мен жинақтаудың еуропалық жүйесі (*European Credit Transfer and Accumulation System; ECTS*): білім беру бағдарламаларын жоспарлаудың, сипаттаудың, оқыту нәтижелерін белгілеудің және танудың, сондай-ақ пәндердің еңбекті қажет ететінін оның барлық компоненттерін айқындау арқылы студенттің жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерілеу серпінін мониторингтеудің студентке орталықтандырылған тәсілі.

Кредиттік оқыту технологиясы: академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқу кезектілігін таңдауы және өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

Білім беру мониторингі: білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының жай-күйі және өзгеру серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

Бағалау: білім беру қызметтерінің жоспарланған нәтижелеріне, шешімдер қабылдау үшін бағдарламаның білім беру мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін айқындау және сапаны одан әрі арттыру бағытын айқындау тәсілі. Талдау барысында жиналған деректер мен дәлелдемелерді түсіндіру.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

Өзін-өзі бағалау есебі: өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша ЖОО әзірлейтін және аккредиттелетін органның қарап, шешім қабылдауы үшін ұсынылатын құжат.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат: ұжымдық талқылау негізінде айқындалған және жоғары оқу орнының басшылығы бекіткен сапаны қамтамасыз етуді дамудың түйінді басымдықтары мен құндылық бағдарларын сипаттайтын негізгі бағыттар.

Қайта аккредиттеу: мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткеннен кейін бұрын аккредиттелген аккредиттеу органының білім беру бағдарламасын қайта аккредиттеуі.

Оқыту нәтижелері: білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеруіне қарай алған, көрсеткен білімінің, шеберлігінің, дағдысының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтары мен қатынастары.

Нәтижелілік: жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі.

Өзін-өзі бағалау: институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде ЖОО-ны дербес бағалау рәсімі.

Сапа жүйесі: белгіленген ережелер мен қабылданған әдістемелерге сәйкес сапа менеджментінің белгілі бір функцияларын орындайтын және білім беру бағдарламасының барлық түлектерінің кәсіби стандарттарға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін ұйымдағы бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың рәсімдерінің жиынтығы.

Стейкхолдер (stakeholder): белгілі бір салада шешім қабылдауға мүдделі және/немесе қатысатын жеке тұлға, адамдар тобы немесе ұйым.

Студентке орталықтандырылған білім беру әдісі: жоғары білім берудегі Болон реформаларының негіз қалаушы қағидат, ол білім беру процесіндегі акценттерді оқытудан (білімді «таратудағы») профессор-оқытушылық құрамның негізгі рөлі ретінде) оқуға (студентті белсенді білім беру қызметі ретінде) ауыстыруды көздейді.

Оқу бағдарламасы: әрбір оқу пәні, әрбір оқу дисциплинасы және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, шеберліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Оқу жоспары: тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің, оқу дисциплинасының және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажет ететін) және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

Сараптамалық бағалау: Кейіннен шешім қабылдау мақсатында мамандардың пікірінің қаралатын проблемасын талдау негізінде баға алу рәсімі.

Тиімділік: қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы арақатынас.

1.4 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта 2-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттарға сәйкес қысқартулар пайдаланылған,

Бұдан басқа, осы стандартта мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ЖОО – жоғары оқу орны;

ССК – сыртқы сараптау комиссиясы;

ҚР ДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

МББҰ – медициналық білім беру ұйымы;

IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

ҮКД – үздіксіз кәсіби даму;

ҮМБ – үздіксіз медициналық білім беру;

ББ – білім беру бағдарламасы;

ОҚКЕ – объективті құрылымдалған клиникалық емтихан;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

I. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ

Институционалдық аккредиттеудің мақсаттары мен міндеттері

Институционалдық аккредиттеудің (бұдан әрі – аккредиттеу) мақсаты медициналық білім беру ұйымы (МББҰ) қызметінің және ұсынылатын білім беру бағдарламаларының жоғары сапасын аккредиттеу стандарттарына сәйкес бағалау және тану болып табылады.

Институционалдық аккредиттеу рәсімі медициналық білім беру ұйымы қызметінің сапасын бағалаудың және белгіленген стандарттарды сақтаудың жалпы мақсатына қызмет етеді. Институционалдық аккредиттеуді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының нақты заңнамасы ескеріледі.

Институционалдық аккредиттеу стандарттары мен рәсімдері Болон процесінің негізгі қағидаттары мен құжаттарына сәйкес келеді.

Институционалдық аккредиттеудің негізгі қағидаттары: бағалаудың кәсібилігі және жалпыға бірдей қолжетімділігі; еріктілік; тәуелсіздік; объективтілік және кәсіпқойлық; аккредиттеу рәсімдері туралы ақпараттың ашықтығы, анықтығы және өзектілігі; шешімдерді ұжымдық қабылдау, оң және теріс нәтижелер туралы ақпаратты тарату болып табылады.

Институционалдық аккредиттеуді жүргізу тәртібі

Рәсім мынадай кезеңдерді қамтиды:

1. Аккредиттеуге өтінім тапсыру.

Медициналық білім беру ұйымына құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып, институционалдық аккредиттеуді жүргізуге өтінім тапсыру.

Медициналық білім беру ұйымының өтінімін IAAR қарауы.

2. БҰ және IAAR арасында шарт жасасу.

Медициналық білім беру ұйымын институционалдық аккредиттеу рәсімін бастау туралы IAAR-ң шешім қабылдауы. Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) мен медициналық білім беру ұйымы арасындағы келісіммен медициналық білім беру ұйымына бару кестесі, аккредиттеудің шарттары мен қаржылық мәселелері айқындалады.

Медициналық білім беру ұйымының сұрауы бойынша IAAR институционалдық аккредиттеуді жүргізу теориясы, әдістемесі және технологиясы мәселелері жөніндегі арнайы семинарларда медициналық білім беру ұйымының ішкі сарапшыларына институционалдық аккредиттеу критерийлері мен рәсімдерін түсіндіретін оқу ұйымдастыра алады. Семинарды өткізу бойынша осы рәсім аккредиттеу процесінің міндетті компоненті болып табылмайды және медициналық білім беру ұйымының қалауы бойынша жүргізіледі.

3. Өзін-өзі бағалау есебін дайындау

Медициналық білім беру ұйымы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін белгілеу мақсатында медициналық білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

дербес ұйымдастырып, жүргізеді, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың II бөліміне сәйкес өзін-өзі бағалау есебін дайындайды.

Медициналық білім беру ұйымына өзін-өзі бағалау есебін дайындау үшін стандарттар мен нұсқаулық ұсынылады.

МББҰ институционалдық өзін-өзі бағалау есебін және барлық қажетті қосымшаларды IAAR-ға ССК келгенге дейін кемінде 8 (сегіз) апта бұрын жолдайды. IAAR сарапшыларға рецензиялау үшін өзін-өзі бағалау есебін талаптарға сәйкестігіне ішкі сараптама жүргізілгеннен кейін сапардан кемінде 6 (алты) апта бұрын жібереді.

Сарапшы өзін-өзі бағалау есебінің IAAR-дың стандарттарына сәйкестігін зерделейді, рецензияны дайындайды және 10 (он) күнтізбелік күн ішінде IAAR-ға жолдайды.

IAAR білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін талдау негізінде мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- «өзін-өзі бағалау есебінің материалдарын пысықтау қажеттілігі туралы ұсынымдар әзірлеу»;
- «сыртқы сараптамалық бағалау жүргізу»;
- «өзін-өзі бағалау есебінің осы стандарттардың критерийлеріне сәйкес келмеуіне байланысты институционалдық аккредиттеу рәсімін жүргізудің мүмкін еместігіне байланысты аккредиттеу мерзімін ауыстыру».

4. ССК-ның білім беру ұйымына сапары

IAAR аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, медициналық білім беру ұйымына бағалау жүргізу үшін IAAR бас директоры бекітетін ССК қалыптастырады. Сыртқы тексеру көлеміне қарай комиссияның сандық құрамы жасақталады. Оның құрамына жұмыс берушілерді, білім алушыларды қоса алғанда, академиялық қоғамдастықтың, Қазақстанның мүдделі тараптарының өкілдері, шетелдік сарапшы/шетелдік сарапшылар кіреді.

IAAR аккредиттеуді жалғастырған жағдайда, білім беру ұйымымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу мерзімдері мен ССК сапарының бағдарламасын келіседі.

Сапар бағдарламасын медициналық білім беру ұйымының қатысуымен ССК төрағасы және IAAR үйлестірушісі әзірлейді. ССК сапарының келісілген бағдарламасын IAAR бас директоры медициналық білім беру ұйымына сапардан кемінде 2 (екі) апта бұрын бекітеді. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны МББҰ ерекшелігін ескере отырып, ССК сапары бағдарламасының ұсынылатын үлгісіне (1-қосымша) сәйкес әзірленеді.

Комиссия сапарының ұзақтығы, әдетте, 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында Медициналық білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес ССК жұмысына жағдай жасайды:

- ССК әрбір мүшесі үшін жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, ССК жұмысына арналған кабинетті ұсынады;
- комиссия мүшелерінің әрқайсысына өзін-өзі бағалау есебінің электрондық және қағаз нұсқасын ұсынады;
- ССК мүшелерінің санына қарай және IAAR өкілімен келісім бойынша қажетті заманауи электрондық кеңсе техникасын ұсынады;

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- ССК сапарының бағдарламасына сәйкес инфрақұрылым мен ресурстарды көзбен шолып қарауды, кездесулерді, сауалнамаларды, сұхбаттарды және ССК жұмысының басқа да түрлерін ұйымдастырады;

- сұратылған ақпаратты ұсынады;
- ССК жұмысының фототүсірілімін ұйымдастырады.

Медициналық білім беру ұйымына сапардың нәтижелері сыртқы бағалау қорытындылары бойынша есепте көрсетіледі.

ССК есебінің жобасы IAAR-да қаралады және медициналық білім беру ұйымына келісуге жіберіледі. Медициналық білім беру ұйымы нақты дәлсіздіктерді анықтаған жағдайда, Төраға ССК мүшелерімен келісіп, ССК есебіне қажетті өзгерістер енгізеді. ССК есебіне БҰ ескертулерімен келіспеген жағдайда, Төраға IAAR үйлестірушісімен бірлесіп, негіздемі түрде ресми жауап дайындайды.

Есеп ССК сапарының сипаттамасын, IAAR стандарттарына қатысты медициналық білім беру ұйымы қызметінің сәйкестігін қысқаша бағалауды, медициналық білім беру ұйымының қызметті жақсарту және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарын, Аккредиттеу кеңесіне ұсынымдарды қамтиды. Аккредиттеу кеңесінің ұсыныстарында аккредиттеу (аккредиттеудің ұсынылатын мерзімін қоса алғанда) немесе аккредиттемеу жөніндегі ұсыным қамтылады.

Ұсыныстарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде әзірлейді.

5. IAAR шешімдер қабылдау

ССК-ның медициналық білім беру ұйымы бағалау жөніндегі есебі және медициналық білім беру ұйымы қызметінің өзін-өзі бағалау есебі Аккредиттеу кеңесінің институционалдық аккредиттеу туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Сыртқы сараптау комиссиясының төрағасы сыртқы сараптау комиссиясы сапарының қорытындылары бойынша Аккредиттеу кеңесінің алдында баяндама жасайды.

IAAR Аккредиттеу кеңесінің айрықша құзыретіне медициналық білім беру ұйымын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау жатады. Аккредиттеу кеңесінің құрамы оның қызметі туралы ережеге сәйкес айқындалады. Отырыс кворум болған жағдайда, өткізіледі. Аккредиттеу кеңесі ССК-ның ұсынымына сәйкес келмейтін шешім қабылдауға құқылы.

Аккредиттеу кеңесі мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

- «аккредиттелсін»:
- 1 (бір) жыл мерзімге - жалпы критерийлер сақталған кезде, бірақ кейбір кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;
- 3 (үш) жыл мерзімге - тұтастай алғанда оң нәтижелер болғанда, бірақ жекелеген болмашы кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;
- 5 (бес) жыл мерзімге - жалпы оң нәтижелер болғанда;
- 7 (жеті) жыл мерзімге – қайта аккредиттеу (қайта аккредиттеу), жалпы оң нәтижелер және IAAR-ға бұрын 5 жыл мерзімге аккредиттелген медициналық білім беру ұйымының аккредиттеуден кейінгі мониторингінен сәтті өткен кезде.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- «аккредиттелмесін».

Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған кезде IAAR медициналық білім беру ұйымына шешім нәтижелері бар ресми хат пен IAAR бас директоры мен АК төрағасы қол қойған МББҰ институционалдық аккредиттеу туралы куәлік жолдайды. Бұдан әрі МББҰ аккредиттеу туралы шешім Аккредиттелген білім беру ұйымдарының тізіліміне (2-тізілім) енгізу үшін ҚР БҒМ-не жіберіледі және IAAR-ның веб-сайтына орналастырылады.

Медициналық білім беру ұйымы аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін өз сайтына МББҰ өзін-өзі бағалау есебін орналастырады. МББҰ IAAR-мен келісім бойынша өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген құпия ақпаратты орналастырмау құқығы бар.

Аккредиттеу кеңесі теріс шешім қабылдаған кезде IAAR медициналық білім беру ұйымына шешімнің негіздемесімен хат жібереді.

Медициналық білім беру ұйымы Қызмет көрсету туралы шартқа және Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляцияны IAAR жолдай алады. ССК және IAAR өкілдерінің құзыреттілігіне күмән туындаған немесе ССК мүшелері жіберген өрескел бұзушылық болған жағдайда, медициналық білім беру ұйымы IAAR -ға шағым жібере алады.

6. Кейінгі рәсімдер

IAAR Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда, медициналық білім беру ұйымы IAAR-ға сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі –Жоспар) ұсынады, оған білім беру ұйымының бірінші басшысы қол қояып, мөрмен расталады, сондай-ақ IAAR -мен қызметтер көрсету туралы шарт жасасады. Шарт пен Жоспар аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу үшін негіз болып табылады.

Білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының аккредиттеуден кейінгі мониторингі рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес аккредиттелген медициналық білім беру ұйымдары Жоспарға сәйкес аралық есептерді дайындауы тиіс. Аралық есептер аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізудің болжамды күніне дейін IAAR -ға жіберіледі.

Медициналық білім беру ұйымы аккредиттеуден кейінгі мониторингі Білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес жүргізіледі.

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу жөніндегі IAAR -ға ұсынатын Жоспар мен талаптар орындалмаған, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымында жүргізілетін өзгерістер туралы хабардар етілмеген жағдайда, Аккредиттеу кеңесі мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- медициналық білім беру ұйымын институционалдық аккредиттеудің қолданылуын уақытша тоқтату;

- медициналық білім беру ұйымының аккредиттеуін кері қайтарып алу, бұл бұрын қол жеткізілген аккредиттеудің барлық нәтижелерінің күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін.

Медициналық білім беру ұйымы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу жөнінде IAAR -мен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, Аккредиттеу

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

кеңесі аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Медициналық білім беру ұйымы институционалдық аккредиттеуден бас тартқаннан немесе оны институционалдық аккредиттеуден айырғаннан кейін кемінде 1 (бір) жыл өткен соң өтініш беруге құқылы.

II. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Өзін-өзі бағалау есебі (ӨБЕ) институционалдық аккредиттеудің негізгі құжаттарының бірі болып табылады.

Есепті дайындаудың негізгі қағидаттары

1. Құрылымдау: ұсынылған материалдың құжаттың бөлімдеріне қатаң сәйкестігі.

2. Оқылым: құжат мәтіні басып шығару жағынан әрі мәтіннің семантикалық және стилистикалық ерекшеліктері тұрғысынан қабылдауға жеңіл болуы керек.

3. Талдамалық: артықшылықтар мен кемшіліктерді талдау, даму серпінін талдау.

4. Сын: бағалаудың объективтілігі.

5. Сенімділік: фактілерді, деректерді, ақпаратты қорытынды жасау үшін дәлел ретінде ұсыну.

Оқу бағдарламасының нұсқаулықтарда сипатталмаған ерекшеліктері құжаттардың тиісті бөлігіне енгізілуі тиіс.

Бағдарламалар кластерін аккредиттеу кезінде барлық бағдарламаларға ортақ аспектілер қайталануын болдырмау үшін кіріспе бөлімде бір рет сипатталады.

Түпкілікті құжат (қосымшаларды қоса алғанда) жақсы құрылымдалған, нөмірленген болуы керек. Есеп (қосымшасыз) 50-60 беттен аспауы керек.

ӨБЕ агенттікке баспа түрінде және электрондық форматта ағылшын тілінде ұсынылуы тиіс.

Есептің форматы

Есеп көлемді кестелері (А4 форматындағы парақтың жартысынан астамын алатын) және басқа да ауқымды ақпарат көздері берілетін қосымшалары, кестелері, графиктері, суреттері бар байланысты әрі қисынды мәтін түрінде жасалуы тиіс.

Есеп мынадай форматта жазылуы тиіс: қаріп түрі – Times New Roman, қаріп өлшемі – 12, жолдар арасындағы бос орын – 1.5, тақырыпқа дейінгі және одан кейінгі абзац аралығы – 6 пт артық емес, есептің басында автоматты түрде редакцияланатын кіріктірілген мазмұны, бет нөмірлері келтірілуі тиіс. Есепті басып шығару кітапқа бағдарланған (portrait) А4 форматында жүзеге асырылады, сонымен қатар қосымшаларда альбомға бағдарланған (landscape) форматты қолдануға болады. Есепке бірінші қосымшада ЖОО басшысы мен есеп жасаушылар қол қойған, барлық ұсынылған деректердің дұрыстығын, толық сипатын және дәлдігін растайтын мәтін болуы тиіс, қажет болған жағдайда, бұдан әрі консультациялар алу үшін есеп құрастырушылардың байланыс

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

деректері келтіріледі: «Мен, [ұйым басшысының тегі, аты және әкесінің аты], [есептің негізгі бөлігінің парақ саны, яғни, қосымшаларсыз] парақтан тұратын [ЖОО-ны атауы] өзін-өзі бағалау есебінде ЖОО-да негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша ЖОО-ның қызметін барабар және толық сипаттайтын дұрыс, дәл және толық деректер ұсынылғанын растаймын.»

Өзін-өзі бағалау есебінің көлемі негізгі мәтіннің 70-80 парағынан аспауы тиіс. Өзін-өзі бағалау есебіне қосымшалар түріндегі құжаттар пакеті жеке (100 парақтан аспайтын жеке файлмен) қоса беріледі. Графикалық кескіндерді қолданба мәтініне көшірмес бұрын алдымен 96 нүкте/дюймға ажыратылғанша қысу керек. Қосымшалар көлемін қысқарту үшін өзін-өзі бағалау есебі мәтінінде БҰ электрондық ресурстарында орналасқан растайтын құжаттарға сілтемелерді барынша көрсету ұсынылады.

Есеп және оған қосымшалар АРТА/IAAR-ға мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық нысанда iaar@inbox.ru электрондық поштасы арқылы, сондай-ақ әрбір тілде 1 (бір) данадан қағаз тасығышта ұсынылады.

Өзін-өзі бағалау есебінің мазмұны

ӨБЕ кіріспеден, үш негізгі бөлімнен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде өзін-өзі бағалаудың шарттары мен ұйымдастырылуы, оның мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат болуы ұсынылады.

Бірінші бөлімде институционалдық аккредиттеу кезінде медициналық білім беру ұйымы туралы жалпы ақпарат ұсынылады:

- қысқаша ақпарат;
- қызметті ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету;
- ұйымдастыру құрылымы және басқару жүйесі;
- жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлерде білім беру, зерттеу, кәсіби ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- халықаралық қызмет;
- студенттер саны (жыл сайынғы));
- соңғы 3-5 жылда әртүрлі оқу нысандарындағы студенттер контингентінің серпіні.

Екінші бөлім медициналық білім беру ұйымы қызметінің институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдауды қамтиды.

Бөлімнің баптары нұсқаулықта көрсетілген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылуы керек. ӨБЕ-де барлық негізгі сұрақтарға жауаптар ұсынылуы керек және барлық қажетті құжаттық дәлелдер қосымшаларға енгізілуі керек.

Медициналық білім беру ұйымы соңғы 5 жыл ішінде мекеменің жетістіктері туралы ақпаратты есептің екінші бөлімінің әрбір бабы үшін жеке ұсынуы тиіс. Сондай-ақ, есепте әр стандарттың SWOT-талдауы арқылы анықталған жақсартуды қажет ететін мәселелер мен бағыттар көрсетіледі.

Есептің үшінші бөлімінде сапаны сырттай бағалау рәсімінен өтуге өтінім беру үшін негіз беретін жалпы тұжырымдар мен өзін-өзі бағалау процесі туралы қорытынды қамтылуға тиіс.

Қосымшалар кестелерді, медициналық білім беру ұйымы туралы жалпы ақпаратты және білім беру ұйымына сапары барысында сыртқы сараптама

тобының қарауына ұсынылған материалдар мен құжаттамалық куәліктердің тізімін қамтуға тиіс.

ӨБЕ медициналық білім беру ұйымы басшысының атынан ұсынылуы керек және оған қол қойылуы керек.

Есептің негізгі ережелері мен тұжырымдары өзін-өзі бағалау процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілуге; медициналық білім беру ұйымының интернет-ресурсында жариялануға тиіс. Өзін-өзі бағалауға және есепте ұсынылған материалдың дұрыстығына барлық жауапты адамдар «Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы» кестесін толтыруға қатысуы тиіс.

Өзін-өзі бағалау есебінің басында ЖОО-ның атауын, заңды деректемелерін, басшының ТАӨ, құрылтайшы туралы мәліметтерді, байланыс ақпаратын, өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті ұсыну күнін, есепті дайындауға қатысты адамының ТАӨ, Ұлттық біліктілік шеңберіне (ҰБШ) сәйкес ЖОО іске асыратын білім деңгейі (мысалы, 6,7,8), ӨБЕ үшін ҰБШ сәйкес әрбір ББ бойынша білім деңгейі және мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде алған біліктілік деңгейі көрсетілген QF-EHEA (мысалы, 1,2,3 циклдар), бағалау оған сәйкес жүзеге асырылатын IAAR стандартының шығыс деректері, өзін-өзі бағалау жүргізген топ туралы ақпарат қамтылған жалпы ақпарат (профайл) ұсынылады.

Кіріспеде қайта аккредиттеу жүргізілген жағдайда, сыртқы бағалаудан өту негізі, алдыңғы аккредиттеудің қорытындысы (Аккредиттеу органы, оларға сәйкес сыртқы бағалау жүргізілген аккредиттеу стандарттары және аккредиттеу мәртебесі) көрсетіледі. БҰ өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуде қолданылатын әдістердің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (жұмыс тобын тағайындау, мүдделі тараптарды тарту және т.б.).

Өзін-өзі бағалау есебінің **негізгі бөлігі** әр стандарттың критерийлері бойынша ЖОО өзін-өзі бағалау нәтижелерін дәйекті түрде көрсетуі керек. Өзін-өзі бағалау соңында әр стандарттың критерийлеріне қарай үлгі бойынша қорытынды беріледі: «Миссия және түпкілікті нәтижелер» стандарты бойынша 7 критерий ашылды, олардың 3-еуі жоғары, 3-еуі қанағаттанарлық және 1-еуі жақсартуды көздейді».

Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің **қорытынды бөлігі** барлық стандарттар бойынша критерийлерді бағалауды көрсететін «Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы» кестесін қамтуы тиіс.

Өзін-өзі бағалау есебі Агенттіктің стандарттарының құрылымына жауап беруге тиіс және нысаны мен мазмұны жағынан Агенттік стандарттарының барлық тармақтары бойынша білім беру ұйымы берген жауаптардың негізінде жасалуы мүмкін. Келесі бөлімдерде әрбір стандарт және критерий бойынша қысқаша түсініктемелері бар Агенттіктің жекелеген стандарттарына қатысты өзін-өзі бағалау есебін жасау бойынша ұсынымдар берілген.

ӨБЕ құрылымы

ӨБЕ мазмұны төмендегі құрылымға сәйкес ұсынылуы керек:

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

2. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫН САҚТАУ: «МИССИЯ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР» СТАНДАРТЫ

- Миссияны анықтау
 - Миссияны қалыптастыруға қатысу
 - Институционалдық дербестік және академиялық еркіндік
 - Оқытудың түпкілікті нәтижелері
 - «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ» СТАНДАРТЫ
 - Білім беру бағдарламасының моделі және оқыту әдістері
 - Ғылыми әдіс
 - Негізгі биомедициналық ғылымдар
 - Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және медициналық этика
 - Клиникалық ғылымдар және дағдылар
 - Білім беру бағдарламасының құрылымы, мазмұны және ұзақтығы
 - Бағдарламаны басқару
 - Медициналық практикамен және денсаулық сақтау жүйесімен байланыс
 - «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ
 - Бағалау әдістері
 - Бағалау мен оқыту арасындағы өзара байланыс
 - «БІЛІМ АЛУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ
 - Қабылдау және іріктеу саясаты
 - Білім алушыларды қабылдау
 - Білім алушыларға кеңес беру және қолдау көрсету
 - Білім алушылардың өкілдігі
 - «АКАДЕМИЯЛЫҚ ШТАТ/ОҚЫТУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ
 - Кадрларды іріктеу және қабылдау саясаты
 - Қызметкерлердің қызмет және даму саясаты
 - «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» СТАНДАРТЫ
 - Материалдық-техникалық база
 - Клиникалық дайындық үшін ресурстар
 - Ақпараттық технологиялар
 - Медицина саласындағы зерттеулер және ғылыми жетістіктер
 - Білім беру саласындағы сараптама
 - Білім беру саласында алмасу
 - «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ
 - Бағдарламаны мониторингтеу және бағалау тетіктері
 - Оқытушы мен білім алушының кері байланысы
 - Білім алушылардың оқудағы жетістіктері
 - Мүдделі тараптарды тарту
 - «БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛЕНДІРУ» СТАНДАРТЫ
 - Басқару
 - Академиялық басшылық
 - Оқытуға және ресурстарды бөлуге арналған бюджет
 - Әкімшілік штат және менеджмент
 - Денсаулық сақтау секторымен өзара іс-қимыл
 - «ҮНЕМІ ЖАҢАРТУ» СТАНДАРТЫ
3. ҚОРЫТЫНДЫЛАР
4. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ СОҢҒЫ БӨЛІМІНДЕ «ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ» ТОЛТЫРЫЛҒАН КЕСТЕСІ БОЛУЫ ТИІС (3-КЕСТЕ).

5. ҚОСЫМШАЛАР

Титул парағы

Мамандандырудың әр бағыты үшін ӨБЕ титулдық парағы бөлек болуы керек (2-қосымша).

Келесі бетінде медициналық білім беру ұйымы туралы (1-кесте) және осы медициналық білім беру ұйымында іске асырылатын білім беру бағдарламалары туралы (2-кесте) жалпы ақпарат ұсынылады. Егер ЖОО-да бірнеше білім беру бағдарламалары іске асырылса, кесте түріндегі қысқаша ақпаратты (2-кесте) барлық ББ бойынша ұсыну қажет.

1-кесте

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|--|
| Медициналық білім беру ұйымының толық атауы | |
| Құрылтайшылар | |
| Құрылған жылы (атауы, қайталама атауы (жүзеге асыру кезінде)) | |
| Аккредиттеудің ағымдағы мәртебесі: | |
| Орналасқан жері | |
| Ректор | |
| Лицензия (құқық белгілейтін құжат) | |
| Студенттер саны (күндізгі, сырттай оқу нысаны) | |

2-кесте

АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТЕТІН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (МЫСАЛ)

(Медициналық білім беру ұйымы институционалдық аккредиттеуден өткен жағдайда, осы кестені іске асырылатын барлық білім беру бағдарламалары бойынша толтырады)

| I БӨЛІМ | <i>Мысалдар</i> |
|---|--|
| Білім беру бағдарламалары / Білім беру бағдарламалары | В086 «Жалпы медицина» В086 7М10101 – Медицина (ғылыми-педагогикалық бағыт) |
| Оқу деңгейі/кезеңі | Бакалавриат / 5 жыл Магистратура / 2 жыл |
| Құрылымдық бөлімшесі (жетекшісі) | «Жалпы медицина» факультеті (Ахметов Серік, медицина ғылымдарының докторы, профессор) |
| Негізгі кафедралар (кафедра жетекшілері) | Микробиология кафедрасы |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | |
|--|---|
| | <i>(Нұрғалиев Самат, медицина ғылымдарының докторы, профессор) Ішкі аурулар кафедрасы (Әбетова Марал, медицина ғылымдарының докторы, профессор)</i> |
| Сыртқы сапарды өткізу күндері | 20__ ж. «__» _____ |
| Аккредиттеуге жауапты адам (тел. / факс / электрондық пошта) | Оқу жұмысы жөніндегі проректор, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанова Айгүл |

2-кестенің жалғасы

| | |
|--|--|
| II БӨЛІМ | |
| ECTS кредиттерінің саны | |
| Оқыту ұзақтығы (семестр саны), оқыту нысаны | |
| Оқудың басталуы (қысқы семестр / жазғы семестр) | |
| Білім беру бағдарламасын енгізу күні | |
| Алдыңғы аккредиттеу (күні, қолданылу мерзімі, аккредиттеу агенттігі) | |
| Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар | |
| Одан әрі білім алу мүмкіндіктері (бағдарлама аяқталғаннан кейін) | |
| Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері | |
| Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы | |
| Оқу нәтижелері | |
| Мамандандыру | |
| Қосымша сипаттамалары | |
| Білім алушылар саны | |
| Оқу құны | |
| Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, мәнсабының ықтимал бағыттары | |

Есепті дайындағаннан кейін өзін-өзі бағалау комиссиясы «өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысын» (3-кесте) толтыруы тиіс. Бұл кесте есептің ажырамас бөлігі болып табылады. «Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы» кестесі өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияға әрбір критерий бойынша өз ұстанымдарын былайша айқындауға мүмкіндік береді:

- «Жоғары» деген баға институционалдық аккредиттеу стандарты көрсеткіштерінің жоғары деңгейімен сипатталады. Стандарттың бұл позициясы басқа МББҰ арасында таратудың жақсы тәжірибесінің мысалы бола алады.

- «Қанағаттанарлық» деген баға институционалдық аккредиттеу стандарты көрсеткіштерінің орташа деңгейін білдіреді.

- «Жақсартуды көздейді» деген баға институционалдық аккредиттеу стандарты көрсеткіштерінің төмен деңгейін көрсетеді.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

■ «Қанағаттанарлықсыз» деген баға МББҰ көрсеткіштері институционалдық аккредиттеу стандартына сәйкес келмейтінін білдіреді.

3-кесте

Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы

| № р\р | № р\р | № крит. | БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ | Білім беру ұйымының позициясы | | | |
|-------|-------|---------------|---|-------------------------------|------------------|---------------------|--------------------|
| | | | | Жоғары | Қанағаттанар-лық | Жақсартуды көздейді | Қанағаттанарлықсыз |
| | | 1. 1.1 | "МИССИЯ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР» Миссияны анықтау | | | | |
| 1 | 1 | 1.1.1 | Медициналық білім беру ұйымы өз <i>миссиясын</i> айқындап, мүдделі тараптар мен денсаулық сақтау секторының назарына жеткізуі тиіс . | | | | |
| | | | Миссия мәлімдемесінде құзыретті дәрігерді дайындауға мүмкіндік беретін мақсаттар мен білім беру стратегиясы болуы керек : | | | | |
| 2 | 2 | 1.1.2 | клиницист, әкімші/менеджер немесе ғылыми қызметкер/оқытушы ретінде медицинаның кез келген саласында өз мәнсабын одан әрі жалғастыру үшін; | | | | |
| 3 | 3 | 1.1.3 | денсаулық сақтау секторының белгіленген талаптарына сәйкес дәрігердің рөлі мен функцияларын орындауға қабілетті | | | | |
| 4 | 4 | 1.1.4 | базалық деңгейде оқыған жағдайда, жоғары оқу орнынан кейінгі оқу үшін дайындалған; | | | | |
| 5 | 5 | 1.1.5 | қызметті бағалау, аудит, өз практикасын және <i>ҰҚД/ҰМБ-да</i> танылған қызмет түрлерін зерделеу арқылы білім мен дағдылар деңгейін қолдау бойынша кәсіби жауапкершілікті қамтитын өмір бойы оқу міндеттемесімен. | | | | |
| 6 | 6 | 1.1.6 | Медициналық білім беру ұйымы миссияның биомедициналық, клиникалық, мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы медициналық зерттеулердің жетістіктерін қамтитынына кепілдік бергені жөн . | | | | |
| 7 | 7 | 1.1.7 | Медициналық білім беру ұйымы миссияның жаһандық денсаулық аспектілерін қамтитынына және негізгі халықаралық денсаулық проблемаларын көрсететініне кепілдік бергені жөн . | | | | |
| | | 1.2 | Миссияны қалыптастыруға қатысу | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | | |
|----|----|------------|--|--|--|--|--|
| 8 | 8 | 1.2.1 | Медициналық білім беру ұйымы <i>негізгі мүдделі тараптардың</i> миссияны әзірлеуге қатысуына кепілдік беруі тиіс . | | | | |
| 9 | 9 | 1.2.2 | Медициналық білім беру ұйымы мәлімделген миссия басқа <i>тиісті мүдделі тараптардың</i> пікіріне/ұсыныстарына негізделгеніне кепілдік бергені жөн . | | | | |
| | | 1.3 | Институционалдық дербестік және академиялық еркіндік | | | | |
| | | | Медициналық білім беру ұйымы әкімшілік пен профессор-оқытушылар құрамы жауапты болатын саясатты әзірлеу және енгізу үшін <i>институционалдық дербестікке</i> ие болуы керек : | | | | |
| 10 | 10 | 1.3.1 | білім беру процесін іске асыру стратегиясын әзірлеу және білім беру бағдарламасын құрастыру; | | | | |
| 11 | 11 | 1.3.2 | ЖОО-да және ББ-да білім беру процесін іске асыру үшін бөлінген ресурстарды пайдалану. | | | | |
| | | | Медициналық білім беру ұйымы өз қызметкерлері мен студенттерінің академиялық еркіндігіне кепілдік бергені жөн : | | | | |
| 12 | 12 | 1.3.3 | медицина бойынша мәселелерді сипаттау мен талдауда әртүрлі көзқарастарға сүйенуге рұқсат етілетін білім беру бағдарламасын құрастыруда; | | | | |
| 12 | 12 | 1.3.4 | білім беру бағдарламасын кеңейтпей, нақты пәндерді/сұрақтарды зерделеуді жақсарту үшін жаңа зерттеулердің нәтижелерін пайдалану мүмкіндігінде. | | | | |
| | | 1.4 | Оқытудың түпкілікті нәтижелері | | | | |
| | | 1.4.1 | Медициналық білім беру ұйымы білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін мыналарға қатысты көрсетуі тиіс <i>күтілетін түпкілікті нәтижелерді</i> анықтауы тиіс : | | | | |
| 13 | 13 | | оқуды аяқтаған сәтте білімге, дағдыға және икемділікке қатысты өз жетістіктерін жинақтау; | | | | |
| 14 | 14 | | кез келген медицина саласындағы болашақ мәнсап үшін негіз болып табылады; | | | | |
| 15 | 15 | | денсаулық сақтау саласындағы болашақ рөлдеріңізді көрсетіңіз; | | | | |
| 16 | 16 | | өзінің кейінгі жоғары оқу орнынан кейінгі дайындығының негізі; | | | | |
| 17 | 17 | | өз міндеттемелерін өмір бойы оқуға бағыттау; | | | | |
| 18 | 18 | | қоғам денсаулығының медициналық-санитарлық қажеттіліктерін, денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін және әлеуметтік жауапкершіліктің басқа да аспектілерін ескеру қажет. | | | | |
| 19 | 19 | 1.4.2 | Медициналық білім беру ұйымы білім алушының дәрігерлерге, оқытушыларға, пациенттерге және олардың туыстарына қатысты тиісті мінез-құлық нормаларына сәйкес міндеттемелерін орындауына кепілдік беруі тиіс . | | | | |
| 20 | 20 | 1.4.3 | Медициналық білім беру ұйымы оқуды бітіру | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | | |
|----|----------|------------|---|--|--|--|--|
| | | | кезінде талап етілетін оқытудың түпкілікті нәтижелерінің жоғары оқу орнынан кейінгі оқытуда талап етілетін нәтижелермен байланысын айқындағаны және үйлестіргені жөн; | | | | |
| 21 | 21 | 1.4.4 | Медициналық білім беру ұйымы медицинадағы зерттеулерді жүргізуге білім алушыларды тарту нәтижелерін айқындағаны жөн; | | | | |
| 22 | 22 | 1.4.5 | Медициналық білім беру ұйымы жаһандық денсаулыққа байланысты түпкілікті нәтижелерге назар аударуғаны жөн; | | | | |
| 23 | 23 | 1.4.6 | Медициналық білім беру ұйымы түлектердің құзыреттерін бағалау нәтижелерін білім беру бағдарламасын жақсарту үшін кері байланыс құралы ретінде пайдаланғаны жөн. | | | | |
| | | | Жиыны | | | | |
| | | 2 | «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ | | | | |
| | | 2.1 | Білім беру бағдарламасының моделі және оқыту әдістері | | | | |
| 24 | 1 | 2.1.1 | Медициналық білім беру ұйымы пәндерге, органдар жүйелеріне, клиникалық проблемалар мен ауруларға негізделген интеграцияланған модельді, <i>модульдік немесе спиральды дизайнға</i> негізделген модельді қамтитын <i>білім беру бағдарламасын</i> айқындауы тиіс. | | | | |
| 25 | 2 | 2.1.2 | Медициналық білім беру ұйымы білім алушыларды өзінің оқу процесі үшін жауапкершілікті алуға ынталандыратын, дайындайтын және қолдайтын <i>оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістерін</i> айқындауы тиіс. | | | | |
| 26 | 3 | 2.1.3 | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының білім алушылардың өмір бойы оқу қабілетін дамытатындығына кепілдік беруі тиіс. | | | | |
| 27 | 4 | 2.1.4 | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының теңдік <i>қағидаттарына</i> сәйкес іске асырылатынына кепілдік беруі тиіс. | | | | |
| 28 | 5 | 2.1.5 | медициналық білім беру ұйымы ересектерді оқытудың қазіргі заманғы теориясына негізделген <i>оқыту мен оқу әдістерін</i> пайдалану керек. | | | | |
| | | 2.2 | Ғылыми әдіс | | | | |
| | | 2.2.1 | Медициналық білім беру ұйымы барлық оқыту бағдарламасы бойы білім алушыларға сабақ беруі тиіс: | | | | |
| 29 | 6 | | талдамалық және сыни ойлау әдістерін қоса алғанда, ғылыми әдіснаманың қағидаттары, | | | | |
| 30 | 7 | | медицинадағы ғылыми зерттеу әдістері, | | | | |
| 31 | 8 | | дәлелді медицина, | | | | |
| 32 | 9 | | <i>оқытушылардың тиісті құзыреттілігін талап ететін және білім беру бағдарламасының міндетті бөлігі болып табылады.</i> | | | | |
| 33 | 10 | 2.2.2 | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына ғылыми пікірді қалыптастыру | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | | |
|----|----|------------|--|--|--|--|--|
| | | | және ғылыми зерттеу әдістерін қолдану үшін <i>ғылыми зерттеу элементтерін</i> енгізгені жөн. | | | | |
| 34 | 11 | 2.2.3 | Медициналық білім беру ұйымы білім алушыларды ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуге немесе оған қатысуға тартуға ықпал етуі керек. | | | | |
| | | 2.3 | Базалық биомедициналық ғылымдар | | | | |
| | | | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында мыналарды анықтап, қамтуға тиіс: | | | | |
| 35 | 12 | 2.3.1 | студенттердің ғылыми білімге деген түсінігін қалыптастыру үшін <i>базалық биомедициналық ғылымдарға</i> қол жеткізу; | | | | |
| 36 | 13 | 2.3.2 | клиникалық ғылыми білімді алу және қолдану үшін негіз болатын тұжырымдамалар мен әдістер. | | | | |
| | | | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында төменде көрсетілгендерге арналған биомедициналық ғылымдардың жаңа жетістіктерін түзетіп, енгізуі қажет: | | | | |
| 37 | 14 | 2.3.3 | ғылыми, технологиялық және клиникалық әзірлемелер; | | | | |
| 38 | 15 | 2.3.4 | қоғамның және денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктері. | | | | |
| | | 2.4 | Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және медициналық этика | | | | |
| | | 2.4.1 | Медициналық білім беру ұйымы төмендегі ғылымдардың жетістіктерін білім беру бағдарламасында айқындап, қамтуы тиіс: | | | | |
| 39 | 16 | | <i>мінез-құлық ғылымдары;</i> | | | | |
| 40 | 17 | | <i>әлеуметтік ғылымдар;</i> | | | | |
| 41 | 18 | | <i>медициналық этика;</i> | | | | |
| 42 | 19 | | <i>медициналық құқықтану,</i> олар медициналық денсаулық проблемаларының себептерінің, таралуы мен салдарының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени жағдайларын, сондай-ақ ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен пациенттің құқықтары туралы білімді түсіну үшін қажетті білімді, тұжырымдамаларды, әдістерді, дағдылар мен қатынастарды қамтамасыз ететін болады, бұл қоғам денсаулығы проблемаларын талдауға, тиімді қарым-қатынас жасауға, клиникалық шешімдер қабылдауға және этикалық практикаға ықпал етеді. | | | | |
| | | 2.4.2 | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына төмендегі жағдайлар үшін <i>мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдардың,</i> сондай-ақ <i>медициналық этиканың</i> жаңа | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | | |
|----|----|------------|---|--|--|--|--|
| | | | жетістіктерін түзетіп, енгізгені жөн: | | | | |
| 43 | 20 | | ғылыми, технологиялық және клиникалық зерттеулер; | | | | |
| 44 | 21 | | қоғам мен денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктері; | | | | |
| 45 | 22 | | демографиялық және мәдени жағдайлардың өзгеруі. | | | | |
| | | 2.5 | Клиникалық ғылымдар және дағдылар | | | | |
| | | | Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында <i>клиникалық ғылымдардың</i> жетістіктерін анықтап, енгізуге және білім алушылардың төмендегі айтылған дағдыларға ие болатынына кепілдік беруі тиіс: | | | | |
| 46 | 23 | 2.5.1 | <i>денсаулықты нығайтуға, аурулардың алдын алуға және пациенттерге көмек көрсетуге байланысты іс-шараларды қамтитын тиісті жауапкершілікті</i> өзіне алу үшін жеткілікті білімі мен <i>клиникалық және кәсіби дағдыларға</i> ие болады; | | | | |
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы мүдделі тараптардың осы топтарымен қалай кеңеседі және оларды миссия мен мақсаттарды қалыптастыруды жақсарту процесіне қалай тартады?*

1.3 Институционалдық дербестік және академиялық еркіндік

Медициналық білім беру ұйымы әкімшілік пен профессор-оқытушылар құрамы жауапты болатын саясатты әзірлеу және енгізу үшін *институционалдық дербестікке* ие болуы **керек**:

1.3.1 білім беру процесін іске асыру стратегиясын әзірлеу және білім беру бағдарламасын құрастыру;

1.3.2 ЖОО-да және ББ-да білім беру процесін іске асыру үшін бөлінген ресурстарды пайдалану.

Медициналық білім беру ұйымы өз қызметкерлері мен студенттерінің академиялық еркіндігіне кепілдік бергені **жөн**:

1.3.3 медицина бойынша мәселелерді сипаттау мен талдауда әртүрлі көзқарастарға сүйенуге рұқсат етілетін білім беру бағдарламасын құрастыруда;

1.3.4 білім беру бағдарламасын кеңейтпей, нақты пәндерді/сұрақтарды зерделеуді жақсарту үшін жаңа зерттеулердің нәтижелерін пайдалану мүмкіндігінде.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы өзінің білім беру бағдарламасын әзірлеу саласындағы саясатты әзірлеуге және енгізуге және білім беру бағдарламасын іске асыру үшін бөлінген ресурстарды пайдалануға қатысты қандай институционалдық дербестікке ие?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы мен мемлекеттің берілген институционалдық еркіндікке және білім беру бағдарламасы мен ресурстарды бөлу үшін жауапкершілікті анықтауға қатысты тиісті құжаттарын көрсетіңіз.*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының жекелеген оқытушылар мен кафедралар*

жүргізетін оқыту білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптарға тиісті дәрежеде сәйкес келетініне кепілдік беретін қандай саясаты мен тәжірибесі бар?

- ✓ *Ол қалай бағаланады және қажет болған жағдайда, анықталған кемшіліктер қалай түзетіледі?*

1.4 Оқытудың түпкілікті нәтижелері

1.4.1 Медициналық білім беру ұйымы білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін мыналарға қатысты көрсетуі тиіс *күтілетін түпкілікті нәтижелерді* анықтауы **тиіс**:

- оқуды аяқтаған сәтте білімге, дағдыға және икемділікке қатысты өз жетістіктерін жинақтау;

- кез келген медицина саласындағы болашақ мәнсап үшін негіз болып табылады;

- денсаулық сақтау саласындағы болашақ рөлдеріңізді көрсетіңіз;

- өзінің кейінгі жоғары оқу орнынан кейінгі дайындығының негізі;

- өз міндеттемелерін өмір бойы оқуға бағыттау;

- қоғам денсаулығының медициналық-санитарлық қажеттіліктерін, денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін және әлеуметтік жауапкершіліктің басқа да аспектілерін ескеру **қажет**.

1.4.2 Медициналық білім беру ұйымы білім алушының дәрігерлерге, оқытушыларға, пациенттерге және олардың туыстарына қатысты тиісті мінез-құлық нормаларына сәйкес міндеттемелерін орындауына кепілдік беруі **тиіс**.

1.4.3 Медициналық білім беру ұйымы оқуды бітіру кезінде талап етілетін оқытудың түпкілікті нәтижелерінің жоғары оқу орнынан кейінгі оқытуда талап етілетін нәтижелермен байланысын айқындағаны және үйлестіргені **жөн**;

1.4.4 Медициналық білім беру ұйымы медицинадағы зерттеулерді жүргізуге білім алушыларды тарту нәтижелерін айқындағаны **жөн**;

1.4.5 Медициналық білім беру ұйымы жаһандық денсаулыққа байланысты түпкілікті нәтижелерге назар аударуғаны **жөн**;

1.4.6 Медициналық білім беру ұйымы түлектердің құзыреттерін бағалау нәтижелерін білім беру бағдарламасын жақсарту үшін кері байланыс құралы ретінде пайдаланғаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Білім беру бағдарламасын аяқтаған кезде білім алушылардан қандай түпкілікті нәтижелер (білім, дағды, қарым-қатынас /кәсіби құндылықтар мен қабілеттер) талап етіледі?*
- ✓ *Оқытудың түпкілікті нәтижелері қалай және қашан бағаланатынын және жақсарту үшін қандай шаралар қабылданатынын сипаттаңыз.*
- ✓ *Бітірушілердің жалпы күтілетін құзыреттіліктерін көрсететін кестені толтырыңыз, онда әр құзіреттілік оқытудың түпкілікті нәтижелерімен және оларды өлшеумен байланысты болады*

1.4-кесте. Құзыреттілік және түпкілікті нәтижелер

| Жалпы құзыреттер | әрбір құзыреттілікке қатысты түпкілікті оқыту нәтижелері | Түпкілікті оқыту нәтижелерін бағалау |
|------------------|--|--------------------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |

- ✓ *«Бұл түпкілікті нәтижелер түлектерді кейіннен дайындаумен және өмір бойы оқуға деген міндеттемемен қалай өзара байланысты?»*

- ✓ *Бұл түпкілікті нәтижелер түлектер жұмыс істейтін қоғамның қазіргі және туындайтын қажеттіліктеріне қалай байланысты?*
- ✓ *Студенттің мінез-құлқының тиісті нормаларын реттейтін құжатты сипаттаңыз және ұсыныңыз.*
- ✓ *Осы білім беру бағдарламасы бойынша оқу барысында студенттерде дамуы тиіс кәсіби қасиеттерді тізбе немесе кесте түрінде беріңіз.*
- ✓ *Білім алушының қалаған қасиеттері мен қатынастарының тізбесі жасалған процесті, сондай-ақ қарауға және бекітуге жауапты бөлімшелерді, адамдарды сипаттаңыз (мысалы, факультеттің оқытушылары, білім беру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі комиссия немесе құрылымдық бөлімше, студенттік өзін-өзі басқару).*
- ✓ *Білім алушының қалаған қасиеттері мен қарым-қатынастарының тізбесі оларға, оқытушыларға, клиникалық базалардағы дәрігерлерге жеткізетін тәсілді сипаттаңыз.*
- ✓ *Білім беру процесінің қай кезеңінде білім алушылар мамандықтың кәсіби сапасы және олардың жетістіктері мен көріністерінің маңыздылығы туралы білетінін сипаттаңыз.*
- ✓ *Оқу барысында білім алушылардың тиісті кәсіби қасиеттері мен қарым-қатынасын бағалау үшін қолданылатын әдістерді қысқаша сипаттаңыз. Анықталған кемшіліктерді түзету әдісін сипаттаңыз.*
- ✓ *Студенттердің клиникадағы дәрігерлермен, оқытушылармен, пациенттермен және олардың туыстарымен этикалық қарым-қатынастарын қалыптастыру қалай қамтамасыз етіледі?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы студенттердің кәсіби мінез-құлқына, әсіресе клиникалық жағдайларда, оң және теріс әсер ететін қызметті сипаттаңыз. Медициналық студенттер, оқытушылар кәсіби емес мінез-құлқтың байқалған жағдайлары туралы хабарлай алатын кез-келген тетіктерді қорытындылаңыз және кәсіби емес мінез-құлқы туралы хабарланған адамды (адамдарды) көрсетіңіз.*
- ✓ *Кәсіптік мінез-құлқтың МББҰ белгілеген және студенттерді клиникалық оқыту үшін барлық клиникалық базаларда қолдау көрсетілетін кәсіби мінез-құлқтың тиісті нормалары мен ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапкершілік кімнің функционалдық міндеттеріне кіретінін сипаттаңыз. Клиникалық жағдайда оқытудың тиісті жағдайлары үшін жалпы жауапкершілікті белгілеудің кез келген саясатын немесе рәсімін (келісімін) сипаттаңыз. Тиісті оқу ортасын нығайту үшін кез-келген тетіктерді сипаттаңыз (мысалы, клиникалық базаның бірлескен комиссиялары және МББҰ).*
- ✓ *Студентпен нашар қарым-қатынас жасау көріністерін қарастыру үшін кез-келген ресми немесе бейресми саясат пен рәсімнің көшірмесін, соның ішінде мұндай оқиғалар туралы мәлімдеме жасау және оларды зерттеу тетіктерін анықтау мүмкіндігін сипаттаңыз және ұсыныңыз. Осы саясаттың тиімді екендігі туралы құжаттар түрінде кез келген қолда бар дәлелдемелерді сипаттаңыз.*
- ✓ *Оқытудың түпкілікті нәтижелері жоғары оқу орнынан кейінгі дайындықпен қалай байланысты екенін анықтаңыз.*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы өз түлектерінің клиникалық құзыреттіліктері туралы ақпаратты қалай бағалайды және алады?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы оқу бағдарламасында студенттер жүргізген зерттеулердің түпкілікті нәтижелерін қалай анықтайды?*
- ✓ *Әлемдік денсаулық проблемалары оқытудың түпкілікті нәтижелерінде қалай*

көрінеді?

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- *Миссиясы* дипломнан кейінгі медициналық білім беру бағдарламасының барлық басқа аспектілері байланысты болуы тиіс жан-жақты негізді қамтамасыз етеді. Миссия мәлімдемесі денсаулық сақтау саласындағы институционалдық, ұлттық, өңірлік және қажет болған жағдайда, әлемдік қажеттіліктерге байланысты жалпы және нақты мәселелерді қамтиды. Бұл құжатта миссия дипломнан кейінгі медициналық білім туралы көріністерді қамтиды деп болжанады.
- *Медициналық білім беру ұйымы* – ЖОО, университет, академия, институт, көп бейінді ЖОО-дағы факультет.
- *Денсаулық сақтау секторы* мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік медициналық көмек көрсетудің әртүрлі жүйелерін, сондай-ақ медициналық ғылыми-зерттеу институттарын қамтиды.
- *Өмір бойы оқыту* – бұл бағалау, аудит, талдау немесе танылған үздіксіз кәсіби даму арқылы өз білімін, дағдыларын үнемі жақсартудағы дәрігердің кәсіби жауапкершілігі.
- *Үздіксіз медициналық білім (ҮМБ)* өмір бойы үздіксіз білім алууды, медициналық практикада білім алуып, дағдылануды білдіреді.
- *Үздіксіз кәсіби даму (ҮҚД)* өз пациенттерінің қажеттіліктеріне жауап ретінде олардың білімін, дағдылары мен пікірін қолдау, жаңарту, дамыту және арттыру үшін маманның өмір бойы ресмиформальды және бейресми кәсіптік қызметін білдіреді. ҮҚД ҮМБ-ге қарағанда кеңірек түсінік.
- *Қоғамның медициналық-санитарлық қажеттіліктеріне сәйкес келуге қол жеткізу* – денсаулық пен денсаулық сақтауға байланысты мәселелерге қатысты жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде білім беру бағдарламасын оның қоғамдастықтың денсаулық қажеттіліктеріне сәйкес келуі мақсатында жетілдіру.
- *Негізгі мүдделі тараптар* – білім алушылар, бағдарлама директорлары, медициналық ғылыми ұйымдар, клиникалар әкімшіліктері, мемлекеттік органдар мен кәсіби қауымдастықтар немесе ұйымдар, оқытушылар.
- Басқа медициналық кәсіптердің, пациенттердің, кәсіптік қоғамдастықтардың, денсаулық сақтауды басқару ұйымдары мен органдарының өкілдері болып табылатын *басқа да тиісті мүдделі тараптарды* қамтиды.
- *Түпкілікті нәтижелер* – білім алушылар оқыту кезеңінің соңында көрсетуі тиіс білім, түсіну, дағды, шеберлік және қарым-қатынас ретінде қарастырылатын оқыту нәтижелері немесе құзыреттер. Медицина және медициналық практика саласындағы нәтижелерді жауапты орган айқындауы тиіс және тиісті (а) негізгі биомедициналық ғылымдар, (б) мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар, (в) медициналық этика, адам құқықтары және медициналық құқықтану, (г) клиникалық ғылымдар, оның ішінде диагностикалық рәсімдерге, практикалық рәсімдерге қатысты клиникалық дағдылар, қарым-қатынас дағдылары, емдеу (паллиативтік көмекті қоса алғанда) және аурулардың алдын алу, денсаулықты нығайту, оңалту, клиникалық негіздеу және проблемаларды шешу құжатталған білімі мен түсінігін қамтуы қажет.
- *Жалпы компоненттерге* таңдалған медицина саласындағы түлектің функцияларына қатысты медицинаның жалпы аспектілері кіреді.
- *Пәнге/мамандыққа тән компоненттер* – мамандық ретінде, белгілі бір саланың маманы немесе сараптамалық функция ретінде таңдалған медицина саласын білу, дағдылану, ойлау.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- *Тиісті мінез-құлық* МББҰ-да қабылданған жазбаша этика кодексін білдіреді.
- *Негізінде институционалдық автономия* үкіметке және басқа ұйымдарға (аймақтық және жергілікті билік органдарына, діни қауымдастықтарға, жеке бірлескен қызмет ұйымдарына, кәсіптік, кәсіподақ және басқа да мүддесіне қарай топтарға) білім беру бағдарламасын әзірлеу, білімді бағалау, студенттерді қабылдау, қызметкерлерді іріктеу және қабылдау және еңбек жағдайлары, ресурстарды зерттеу және бөлу сияқты негізгі салаларда шешім қабылдауға тиісінше тәуелсіздікті қамтиды.
- *Академиялық еркіндік* оқу жоспарына пікір білдірудің, зерттеулер мен жарияланымдар жүргізудің тиісті еркіндігі кіреді.
- *Негізгі медициналық білім* медициналық мектептер / медициналық факультеттер / медициналық университеттер немесе медициналық академиялар және т.б. өткізілетін негізгі бағдарламаларға (бакалавриат) жатады.
- *Қоғам денсаулығы проблемасы* жергілікті қоғамдастықпен, әсіресе денсаулық сақтау саласында және денсаулық сақтаудың аралас секторларында өзара іс-қимылды және қоғам денсаулығы проблемаларын білім беру бағдарламасына енгізуді білдіреді.

2. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ» СТАНДАРТЫ

Бұл стандарт «модель», «типтік» ретінде бір білім беру бағдарламасының мысалымен сипатталады. МББҰ білім беру процесін ұйымдастыру, білім алушылардың түпкілікті нәтижелері мен құзыреттері туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік беретін ББ, сипаттамасы мен таныстырылымын анықтауы қажет.

2.1 Білім беру бағдарламасының моделі және оқыту әдістері

2.1.1 Медициналық білім беру ұйымы пәндерге, органдар жүйелеріне, клиникалық проблемалар мен ауруларға негізделген интеграцияланған модельді, модульдік немесе спиральды дизайнға негізделген модельді қамтитын білім беру бағдарламасын айқындауы **тиіс**.

2.1.2 Медициналық білім беру ұйымы білім алушыларды өзінің оқу процесі үшін жауапкершілікті алуға ынталандыратын, дайындайтын және қолдайтын оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістерін айқындауы **тиіс**.

2.1.3 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының білім алушылардың өмір бойы оқу қабілетін дамытатындығына кепілдік беруі **тиіс**.

2.1.4 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының теңдік қазғидаттарына сәйкес іске асырылатынына кепілдік беруі **тиіс**.

2.1.5 медициналық білім беру ұйымы ересектерді оқытудың қазіргі заманғы теориясына негізделген оқыту мен оқу әдістерін пайдалану **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Осы білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін берілетін академиялық дәрежені көрсетіңіз.*
- ✓ *Білім беру бағдарламасының мазмұны туралы қысқаша сипаттама беріңіз.*
- ✓ *Қолданыстағы білім беру бағдарламасы алғаш енгізілген жылды және соңғы қайта қарау жүргізілген жылды көрсетіңіз.*

Білім беру бағдарламасы енгізілген

Соңғы қайта қарау жүргізілген

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| ЖЫЛ | |
|-----|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> ✓ Білім беру бағдарламасын қайта қарауды жоспарлау процесін сипаттаңыз, бағдарламаны қайта қарау процесіне кім қатысатынын және осы процеске қандай құрылымдық бөлімшелер, консультативтік-кеңесу органдары немесе комиссиялар, басқа да мүдделі тараптар тартылатынын көрсетіңіз. ✓ Соңғы қайта қарау кезінде оқу бағдарламасына қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін көрсетіңіз. ✓ Оқу бағдарламасын жасау кезінде интеграцияланған оқытуға ықпал ететін қандай қағидаттар мен тәсілдерді, білім беру стратегияларын сипаттаңыз? ✓ Білім беру бағдарламасының моделі біріктірілген бе? ✓ Осы оқу бағдарламасында оқытудың заманауи қағидаттары мен әдістерін қолдану қалай расталады? ✓ Оқытудың практикасы мен қолданылатын әдістерін және ықпал етуші факторларын сипаттаңыз. ✓ Оқу бағдарламасын іске асыру үшін практикада қандай оқыту және оқу әдістері, соның ішінде клиникалық оқыту қолданылады? ✓ Қандай білім беру бағдарламасы және оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістері, оқыту ортасы білім алушылардың өз оқуына жауапкершілікпен қарау белсенділігіне ықпал етеді? ✓ Білім алушыларды өздігінен бағытталған/өз бетінше оқуға және өмір бойы оқу қабілеті мен дағдыларын дамытуға жәрдемдесу үшін оқыту процесіне тарту әдістерінің түрлері мен сәйкестігін сипаттаңыз. ✓ Медициналық білім беру ұйымы бұл әдістер білім алушыларды дайындауға және олардың өмір бойы оқу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретінін қалай болжайтынын анықтаңыз. ✓ Медициналық білім беру ұйымы өз білім алушыларына қатысты теңдік қағидаттарын қалай сақтайтынын сипаттаңыз? ✓ Егер мұндай құжат болса, медициналық білім беру ұйымының кемсітушілікке қарсы саясатының көшірмесін қоса берген жөн. |

2.2 Ғылыми әдіс

2.2.1 Медициналық білім беру ұйымы барлық оқыту бағдарламасы бойы білім алушыларға сабақ беруі **тиіс**:

- талдамалық және сыни ойлау әдістерін қоса алғанда, ғылыми әдіснаманың қағидаттары,

- медицинадағы ғылыми зерттеу әдістері,

- дәлелді медицина,

- оқытушылардың тиісті құзыреттілігін талап ететін және білім беру бағдарламасының міндетті бөлігі болып табылады.

2.2.2 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына ғылыми пікірді қалыптастыру және ғылыми зерттеу әдістерін қолдану үшін *ғылыми зерттеу элементтерін* енгізгені **жөн**.

2.2.3 Медициналық білім беру ұйымы білім алушыларды ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуге немесе оған қатысуға тартуға ықпал етуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- | |
|--|
| ✓ Білім беру бағдарламасының қандай компоненттері білім алушыларға |
|--|

| |
|--|
| <p><i>ғылыми тәсіл мен дәлелді медицина қағидаттарын үйретеді және олардың талдамалық және сыни ойлау қабілетін қалыптастырады?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ <i>Бағдарламада оқытудың тиісті әдістері қолданылады ма: пациенттің проблемасын шешуге арналған тапсырмалар, проблемалық-бағдарланған оқыту, арнайы тапсырмалары бар дәлелді медицина бойынша практикалық сабақтар, жобалық зерттеулер, клиникалық ситуациялық тапсырмаларды өздігінен орындау?</i> ✓ <i>Оқу бағдарламасында білім алушылардың бойындағы мына дағдылар мен білімді дамытуға көңіл бөлінетін бір немесе бірнеше мысалды келтіріңіз: дәлелдемелерге негізделген сыни пайымдау дағдылары, пациенттің мәселелерін шешу дағдылары, әлеуметтік қажеттіліктер мен денсаулық сақтау қажеттіліктерін білу және түсіну.</i> ✓ <i>Медициналық білім беру ұйымдарында оларды ғылыми-зерттеу жобаларына тарту үшін білім алушыларға қандай арнайы мүмкіндіктер бар?</i> ✓ <i>Элективті талдамалық және эксперименттік зерттеулердің элементтері/компоненттері оқу бағдарламасына қалай қосылады?</i> ✓ <i>Білім алушылардың зерттеуге қатысуының бар мүмкіндіктері мен нәтижелерін сипаттаңыз.</i> ✓ <i>Білім алушыларды қолдау және оларды оқыту кезінде зерттеу жұмыстарын орындауға тарту бойынша МББҰ тәжірибесі қандай?</i> |
|--|

2.3 Базалық биомедициналық ғылымдар

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында мыналарды анықтап, қамтуға **тиіс**:

2.3.1 студенттердің ғылыми білімге деген түсінігін қалыптастыру үшін *базалық биомедициналық ғылымдарға* қол жеткізу;

2.3.2 клиникалық ғылыми білімді алу және қолдану үшін негіз болатын тұжырымдамалар мен әдістер.

2.3.3 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында төменде көрсетілгендерге арналған биомедициналық ғылымдардың жаңа жетістіктерін түзетіп, енгізуі қажет:

2.3.4 ғылыми, технологиялық және клиникалық әзірлемелер;

2.3.5 қоғамның және денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктері.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

| |
|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ✓ <i>Оқу бағдарламасына қандай базалық биомедициналық ғылымдар кіреді?</i> ✓ <i>Оқу мазмұнын таңдау үшін қолданылатын процесті сипаттаңыз.</i> ✓ <i>Медицина бойынша білім беру бағдарламасына енгізілген базалық биомедициналық пәндерді көрсетіңіз (2.3-кестені толтыру қажет).</i> |
|---|

2.3-кесте. Базалық биомедициналық ғылымдар (мысал)

| Негізгі базалық биомедициналық ғылымдар | Кредиттер / сағаттар саны | | | Оқыту курстары | | | Оқыту және оқу әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---------------------------|----------------------|----------------------|----------------|---|---|-------------------------|------------------|
| | Дәріс | Практикалық сабақтар | Зертханалық сабақтар | 1 | 2 | 3 | | |
| Биохимия | | | | | | | | |
| Молекулярлық | | | | | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | |
|-------------------------|--|--|--|--|
| биология | | | | |
| Медициналық генетика | | | | |
| Анатомия | | | | |
| Гистология | | | | |
| Физиология | | | | |
| Патологиялық анатомия | | | | |
| Патологиялық физиология | | | | |
| Фармакология | | | | |
| Микробиология | | | | |
| | | | | |

✓ Оқу бағдарламасының әртүрлі кезеңдерінде олар клиникалық пәндермен қалай біріктірілген?

✓ Оқу бағдарламасына базалық биомедициналық ғылымдардың жаңа жетістіктерін қарастыруды және енгізуді қамтамасыз ететін процесті сипаттаңыз?

2.4 Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және медициналық этика

2.4.1 Медициналық білім беру ұйымы төмендегі ғылымдардың жетістіктерін білім беру бағдарламасында айқындап, қамтуы **тиіс**:

- мінез-құлық ғылымдары;
- әлеуметтік ғылымдар;
- медициналық этика;
- медициналық құқықтану,

олар медициналық денсаулық проблемаларының себептерінің, таралуы мен салдарының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени жағдайларын, сондай-ақ ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен пациенттің құқықтары туралы білімді түсіну үшін қажетті білімді, тұжырымдамаларды, әдістерді, дағдылар мен қатынастарды қамтамасыз ететін болады, бұл қоғам денсаулығы проблемаларын талдауға, тиімді қарым-қатынас жасауға, клиникалық шешімдер қабылдауға және этикалық практикаға ықпал етеді.

2.4.2 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына төмендегі жағдайлар үшін *мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдардың*, сондай-ақ *медициналық этиканың* жаңа жетістіктерін түзетіп, енгізгені **жөн**:

- ғылыми, технологиялық және клиникалық зерттеулер;
- қоғам мен денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктері;
- демографиялық және мәдени жағдайлардың өзгеруі.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық оқу бағдарламасына қандай мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар, медициналық этика және медициналық құқықтану кіреді? (2.4-кестені толтыру қажет).

2.4-кесте. Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар, медициналық этика және құқықтану (мысал)

| Мінез-құлық және әлеуметтік | Оқу жылдары/Курстар | Кредит/сағат саны | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|-----------------------------|---------------------|-------------------|----------------|------------------|
|-----------------------------|---------------------|-------------------|----------------|------------------|

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| ҒЫЛЫМДАР | | | | | | Дәрістер | Практикалық сабақтар | | |
|---------------------------|---|---|---|---|---|----------|----------------------|--|--|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | | | |
| Әлеуметтану | | | | | | | | | |
| Медициналық психология | | | | | | | | | |
| Эпидемиология, | | | | | | | | | |
| Биостатистика | | | | | | | | | |
| Гигиена | | | | | | | | | |
| Коммуналдық гигиена | | | | | | | | | |
| Медициналық антропология | | | | | | | | | |
| Қоғамдық денсаулық сақтау | | | | | | | | | |
| Әлеуметтік медицина | | | | | | | | | |
| Медициналық этика | | | | | | | | | |
| Медициналық құқықтану | | | | | | | | | |

- ✓ Білім беру бағдарламасы осы ғылымдар мен пәндердің үлесі әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени себептерді, денсаулықтың медициналық проблемаларының таралуы мен салдарын, сондай-ақ ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен пациенттің құқықтары туралы білімді түсінуге ықпал ететінін, қоғамдастық пен қоғамның денсаулық сақтау қажеттіліктеріне талдау жүргізуге мүмкіндік беретінін, тиімді қарым-қатынас жасауға, клиникалық шешімдер қабылдауға, практикада этикалық нормаларды сақтауға ықпал ететінін қалай қарастырады?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы қандай процестің көмегімен мінез-құлқы ғылымдарын, әлеуметтік ғылымдарды және медициналық этиканы бейімдеп, оларды оқу бағдарламасына енгізеді?

2.5 Клиникалық ғылымдар және дағдылар

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында *клиникалық ғылымдардың* жетістіктерін анықтап, енгізуге және білім алушылардың төмендегі айтылған дағдыларға ие болатынына кепілдік беруі **тиіс**:

2.5.1 денсаулықты нығайтуға, аурулардың алдын алуға және пациенттерге көмек көрсетуге байланысты іс-шараларды қамтитын тиісті жауапкершілікті өзіне алу үшін жеткілікті білімі мен клиникалық және кәсіби дағдыларға ие болады;

2.5.2 мақсатты қарауды, тиісті санын және олардың тиісті клиникалық базаларда оқу үшін жеткіліктілігін қамтитын пациенттермен жоспарланған байланыстарда бағдарламаның орынды бөлігін (үштен бірін) жүргізеді;

2.5.3 денсаулықты нығайту және алдын алу бойынша жұмыстар жүргізеді.

2.5.4 Медициналық білім беру ұйымы *ішкі ауруларды, хирургияны, психиатрияны, жалпы дәрігерлік практиканы (отбасылық медицинаны), акушерлік пен гинекологияны, педиатрияны қамтитын негізгі клиникалық пәндерді* оқытуға белгілі бір уақыт мөлшерін белгілеуі **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

2.5.5 Медициналық білім беру ұйымы клиникалық базалар жағдайында білім алушылардың орындайтын іс-әрекеттерін бақылауды қамтитын пациенттің қауіпсіздігіне тиісті назар аудара отырып, клиникалық оқытуды ұйымдастыруы **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында мыналарға клиникалық ғылымның жана жетістіктерін түзетіп, енгізгені **жөн**:

2.5.6 ғылыми, технологиялық және клиникалық әзірлемелер;

2.5.7 қоғамның және денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктері.

2.5.8 Медициналық білім беру ұйымы әрбір білім алушының пациентке көмек көрсетуге біртіндеп қатысуын қоса алғанда, тиісті клиникалық базаларда жүргізілетін пациентті тексеру және/немесе бақылауда емдеу бөлігіндегі жауаптылықты қоса алғанда, нақты пациенттермен ерте байланыста болуына кепілдік бергені **жөн**.

2.5.9 Медициналық білім беру ұйымы оқу бағдарламасының нақты кезеңіне сәйкес клиникалық дағдыларға оқытудың әртүрлі компоненттерін құрылымдауы **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының білім беру бағдарламасы түлектерінің клиникалық құзыреттілігін қамтамасыз ету үшін оқытудың қандай нақты түпкілікті нәтижелері (білім, дағды және қарым-қатынас/кәсіби құндылықтар) мен қабілеттері белгіленгенін сипаттаңыз?
- ✓ Кейін оқу міндеттеріне және клиникалық оқытудың түпкілікті нәтижелеріне сәйкес оқу бағдарламасына енгізу үшін пациенттердің әртүрлі санаттарын және клиникалық жағдайларды бастапқы іріктеу үшін қолданылатын тетіктерді сипаттаңыз.
- ✓ Әртүрлі клиникалық жағдайлары бар пациенттердің санаттары, студенттің жауапкершілік деңгейі туралы ақпарат (жиынтық кесте) беріңіз және әрбір талап етілген клиникалық ротация үшін клиникалық базаларды көрсетіңіз.
- ✓ Оқыту міндеттері мен бағдарламаның түпкілікті нәтижелері МББҰ-ның барлық білім алушыларына, оқытушыларға және оқыту мен бағалауға жауапты басқа да қызметкерлерге белгілі болуы тиіс. Бұл қалай жүзеге асырылады?
- ✓ Қандай нақты клиникалық пәндер енгізілген және клиникалық тәжірибе (білім, дағды және қарым-қатынастар/ кәсіби құндылықтар) алу үшін білім алушылардың клиникалық оқуға қатысуы қалай анықталған?
- ✓ Мұндай тәжірибе алу үшін медициналық практиканың қандай түрлері бар (стационарлық/амбулаторлық көмек, клиникадағы/қоғамдық денсаулық сақтаудағы, ауылдық/қалалық, мамандандырылған/жалпы)?
- ✓ 2.5-кестесін толтырыңыз
- ✓ 2.5-кесте. Клиникалық пәндер (мысал)

| Клиникалық пәндер | Оқу жылдары / курстар | кредит/сағат саны | | | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері | Клиникалық база |
|-----------------------------|-----------------------|-------------------|----------------------|---------------------|----------------|------------------|-----------------|
| | | Дәріс тер | Практикалық сабақтар | Өндірістік практика | | | |
| | | | | | | | |
| Ішкі аурулар пропедевтикасы | | | | | | | |
| Ішкі аурулар | | | | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| Хирургия | | | | | | |
| Акушерлік және гинекология | | | | | | |
| Педиатрия | | | | | | |
| Психиатрия | | | | | | |
| Жалпы дәрігерлік практика/Отбасылық медицина | | | | | | |
| Анестезиология | | | | | | |
| Реаниматология және қарқынды терапия | | | | | | |
| Травматология | | | | | | |
| Жедел шұғыл медициналық көмек | | | | | | |
| Дерматология және венерология | | | | | | |
| Неврология | | | | | | |
| Нейрохирургия | | | | | | |
| Онкология және сәулелік терапия | | | | | | |
| Офтальмология | | | | | | |
| Ортопедтік хирургия | | | | | | |
| Оториноларингологтар | | | | | | |
| Физиотерапия және оңалту медицинасы | | | | | | |
| Клиникалық генетика | | | | | | |
| Балалар хирургиясы | | | | | | |
| Жұқпалы аурулар | | | | | | |
| Фтизиатрия | | | | | | |
| Амбулаториялық-емханалық терапия | | | | | | |
| Сот медицинасы | | | | | | |
| Кәсіби аурулар | | | | | | |
| Гериятрия | | | | | | |
| Паллиативті | | | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | |
|--|------------------|-------------------|--|------------------------|--|
| көмек | | | | | |
| <ul style="list-style-type: none"> ✓ Негізгі клиникалық пәндерді оқыту бағдарламасына бөлінген уақыт мөлшері қалай енгізіледі және жеткілікті екені қалай анықталады? ✓ Негізгі клиникалық пәндер бойынша клиникалық ротациялар туралы ақпаратты қосымша ұсыныңыз (2.5.1-кесте) ✓ 2.5.1-кесте. Клиникалық ротациялар (мысал) | | | | | |
| Клиникалық пәндер | Апта саны | Сағат саны | Күтілетін түпкілікті оқу нәтижелері | Клиникалық база | |
| Ішкі аурулар | | | | | |
| Хирургия | | | | | |
| Жалпы дәрігерлік практика (отбасылық медицина) | | | | | |
| Акушерлік және гинекология | | | | | |
| Педиатрия | | | | | |
| Психиатрия | | | | | |
| <ul style="list-style-type: none"> ✓ Клиникалық оқытушының және/немесе клиникалық база дәрігерлерінің бақылауымен білім алушыларды медициналық көмек көрсетуге тартуға қатысты тәжірибені сипаттаңыз, сондай-ақ клиникалық оқыту бағдарламасында пациенттің қауіпсіздік қағидаттарының сақталуын қандай процесс қамтамасыз етеді? ✓ Оқу бағдарламасына клиникалық ғылымның жаңа жетістіктерін қарастыруды және енгізуді қамтамасыз ететін процесті сипаттаңыз? ✓ Білім алушылардың анамнез жинау, физикалық тексеру дағдыларын, пациенттермен және олардың туыстарымен қарым-қатынас дағдыларын қалай және қайда меңгеретінін және бұл дағдылар интернатураны қоса алғанда, бүкіл оқу бағдарламасы бойы қалай дамитынын сипаттау керек. ✓ Пациенттерге медициналық көмек көрсетуге ерте және кейіннен тікелей қатысу үшін білім алушыларда қандай арнайы мүмкіндіктер бар? ✓ Білім алушылардың халықпен тиісті жұмыс тәжірибесін, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің басқа мамандарымен жұмыс тәжірибесін алу үшін қандай арнайы мүмкіндіктер бар? Мұндай тәжірибе оқу бағдарламасында қалай қарастырылған. ✓ Клиникалық дағдыларды оқытудың әртүрлі компоненттері оқыту бағдарламасының нақты кезеңіне сәйкес қалай құрылымдалған? ✓ Оқыту бағдарламасына сәйкес бағдарламаға енгізілген клиникалық дағдылардың тізбесін, оқыту шарттарын (клиника жағдайында, амбулаториялық-емханалық жағдайда, клиникалық дағды орталықтары), дағдылар деңгейінің сипаттамасын, клиникалық дағдыларды оқыту және оқу әдістерін, клиникалық дағдыларды бағалау әдістерін көрсетіңіз. | | | | | |

2.6 Білім беру бағдарламасының құрылымы, мазмұны және ұзақтығы

2.6.1 Медициналық білім беру ұйымы базалық биомедициналық, мінез-құлық, әлеуметтік және клиникалық пәндер арасындағы тиісті арақатынастың сақталуына кепілдік беру үшін курстардың және білім беру бағдарламасының басқа элементтерінің мазмұнын, көлемін және реттілігін сипаттауы **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында:

2.6.2 сабақтас ғылымдар мен пәндердің көлденеңінен интеграциялануын қамтамасыз еткен;

2.6.3 клиникалық ғылымдарды базалық биомедициналық және мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдармен *тігінен* интеграциялауды қамтамасыз еткен;

2.6.4 сайлау мазмұнына (элективтілікке) мүмкіндік беру және *таңдау бойынша міндетті элементтер мен элективтердің немесе арнайы компоненттердің үйлесімін қамтитын* білім беру бағдарламасының *міндетті және таңдау бөлігі* арасындағы теңгерімді анықтағаны;

2.6.5 дәстүрлі емес, дәстүрлі немесе балама тәжірибені қамтитын қосымша медицинамен байланысты анықтағаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Білім беру бағдарламасының құрылымы, ұзақтығы (семестр/оқу жылының сағаты/аптасы), мазмұны, таңдау бойынша міндетті элементтер мен компоненттер, базалық биомедициналық, мінез-құлық және әлеуметтік және клиникалық пәндер арасындағы арақатынас туралы ақпарат беріп, оқу пәндері/модульдер түрінде түйіндеме жасайды және олардың ұзақтығы туралы ақпарат береді.
- ✓ Дәрістер, шағын топтарда оқыту, семинарлар, зертханалық сабақтар, клиникалық ротациялар арасындағы байланысты көрсетіңіз.
- ✓ Қандай негізгі қағидаттар, тәсілдер және білім беру стратегиялары, оқыту және білімді бағалау әдістері білім беру бағдарламасының элементтерін (көлденеңнен/ тігінен) біріктіруге ықпал етеді және қамтамасыз етеді? Мұндай интеграцияға қысқаша сипаттама беріңіз.
- ✓ Оқу бағдарламасының элементтері бойынша оқу тақырыптары/пәндер және семестр/оқу жылының ұзақтығы (сағат/апта) түрінде түйіндемені беріңіз. Денсаулықты нығайту, профилактикалық медицина, балама/дәстүрлі емес медициналық практика сияқты мәселелер оқу бағдарламасында қалай көрініс тапқанын көрсетіңіз.

2.7 Бағдарламаны басқару

2.7.1 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімшені айқындауы **тиіс**, ол академиялық басшылықтың басқаруымен білім беру бағдарламасын жоспарлауға және іске асыруға, оның ішінде оқыту мен оқыту әдістерін жоспарлау және енгізу, білім алушыларды бағалау және білім беру бағдарламалары мен оқыту курстарын бағалау үшін бөлінген ресурстарды бөлуді қоса алғанда, оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жауапты әрі өкілеттілікке ие болады.

2.7.2 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімшеде оқытушылар мен білім алушылардан өкілдік етуге кепілдік беруі **тиіс**.

2.7.3 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімше арқылы білім беру бағдарламасына инновацияларды жоспарлап, енгізуі **керек**.

2.7.4 Медициналық білім беру ұйымы *басқа тиісті мүдделі тараптардың* өкілдерін, *білім беру процесіне басқа қатысушыларды, клиникалық базалардың өкілдерін, медициналық білім беру ұйымдарының түлектерін, оқу процесіне тартылған денсаулық сақтау мамандарын немесе университет факультеттерінің басқа оқытушыларын қамтитын* білім беру бағдарламаларына жауапты медициналық білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесінің құрамына **енгізгені жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының оқу бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімшесінің өкілеттіктері мен құрамын сипаттаңыз? Бұл бөлімшенің білім беру қағидаттарына қатысты қақтығыстарды шешуге және жалпы медицинадағы оқу бағдарламасына нақты пәндердің үлесін анықтауға қандай өкілеттіктері бар екенін сипаттаңыз?
- ✓ Білім беру бағдарламасын жақсарту үшін оқытушылар мен тиісті бөлімшелер білім беру бағдарламасын зерделеу мен бағалаудың қандай әдістерін қолданатынын сипаттаңыз.
- ✓ Оқытушылар мен студенттердің оқу бағдарламаларын басқару процесіне қалай қатысатынын сипаттаңыз.
- ✓ Оқу бағдарламасын жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және бағалау, инновациялық технологияларды енгізу, сондай-ақ бөлінген ресурстарды бөлу процесінде бөлімше қызметкерлерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін және олардың құрамын көрсетіңіз.
- ✓ Медициналық білім беру ұйымының оқытуға, оқуға, бағалау жүргізуге және білім беру бағдарламасына инновацияларды енгізу үшін оқу бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімшесінің қандай тетіктері бар?
- ✓ Мұндай тәжірибе мен тетіктер туралы ақпаратты, егер бар болса, инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі жоспарды және олардың білім беру бағдарламасына бейімделуі мен интеграциялануын бағалау нәтижелерін ұсынсын. Симуляциялық технологияларды енгізу және оларды оқыту мен клиникалық дағдыларды бағалау үшін тиімді пайдалануды бағалау туралы ақпаратты жеке ұсынған жөн.
- ✓ E-Learning қоса алғанда, студенттерді оқытуды жақсартуға ықпал ететін инновациялық технологиялардың басқа түрлерін сипаттаңыз.
- ✓ Оқу бағдарламаларын басқару процесіне басқа тиісті мүдделі тараптар қалай тартылады?
- ✓ Бітірушілерден, клиникалық оқытушылардан/клиникаларға оқуға тартылған мамандардан кері байланыс алу тәжірибесі бар ма
- ✓ Басқа мүдделі тараптар өкілдерінің тізімін және олардың білім беру бағдарламасын басқаруға және жақсартуға қалай үлес қосатынын көрсетіңіз.

2.8 Медициналық практика мен денсаулық сақтау жүйесінің байланысы

2.8.1 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасы мен кәсіптік даярлаудың кейінгі кезеңдері (интернатура, мамандану, ҰҚД/ҮМБ) немесе білім алушы оқу аяқталғаннан кейін кірісетін практиканың арасында денсаулық проблемаларын айқындауды және оқытудың талап етілетін нәтижелерін айқындауды, жергілікті, ұлттық, өңірлік және жаһандық жағдайларды тиісінше ескере отырып, білім беру бағдарламасының элементтерін және олардың дайындық пен практиканың әртүрлі сатыларындағы өзара қарым-қатынасын нақты айқындауды және сипаттауды қамтитын операциялық байланысты, сондай-ақ денсаулық сақтау секторына/нан және оқытушылар мен студенттердің медициналық көмек көрсету кезінде мамандар командасының жұмысына қатысуы үшін кері байланысты қамтамасыз етуі **қажет**.

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына жауапты құрылымдық бөлімше екеніне кепілдік беруі **керек**:

2.8.2 түлектер жұмыс істейтін және соған сәйкес білім беру бағдарламасын өзгертетін шарттардың ерекшеліктерін ескереді;

2.8.3 жұртшылықпен және жалпы қоғаммен кері байланыс негізінде білім беру бағдарламасын түрлендіруді қарайды.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру бағдарламасы мен практикалық қызметке дайындықтың келесі кезеңі арасында қандай байланыс бар?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде негізгі медициналық білім беру бағдарламасына және кейінгі білім беру мен кәсіби дайындық деңгейіне жауапты өзара өкілдік ету тәжірибесі бар-жоғын сипаттаңыз?
- ✓ Өз түлектеріңізді жоғары оқу орнынан кейінгі даярлаудың шарттары мен талаптарын зерделеудің қолданыстағы практикасын сипаттаңыз. Жоғары оқу орнынан кейінгі/дипломнан кейінгі дайындық шарттарын зерделеу бойынша кері байланыс қалай және кіммен жүзеге асырылады ?
- ✓ Оқу бағдарламасын өзгерту үшін алынған кері байланысты зерттеу және талдау процесін сипаттаңыз?

Түсініктемелер мен анықтамалар:

Базистік биомедициналық ғылымдар: анатомия, гистология, биохимия, биофизика, физиология, патология, молекулалық биология, жасуша биологиясы, генетика, микробиология (бактериология, паразитология және вирусологияны қоса), иммунология, фармакология.

Көлденең (параллель) интеграция, мысалы, анатомия, биохимия және физиология сияқты негізгі ғылымдардың интеграциясын немесе медициналық және хирургиялық гастроэнтерология немесе нефрология және урология сияқты ішкі медицина мен хирургия пәндерінің интеграциясын қамтиды

Тік (дәйекті) интеграция, мысалы, метобаликалық бұзылулар мен биохимияны немесе кардиология мен жүрек-тамыр физиологиясын біріктіруді қамтиды

Клиникалық ғылымдарға мыналар жатады: анестезиология, акушерлік және гинекология, ішкі аурулар (қосалқы мамандықтар), гериатрия, дерматология және экстрология (жыныстық жолмен берілетін аурулар), сәулелік диагностика, жедел медициналық көмек, жалпы медициналық практика/отбасылық медицина, зертханалық медицина, неврология, нейрохирургия, онкология және сәулелік терапия, офтальмология, ортопедиялық хирургия, оториноларингология, педиатрия, физиотерапия және оңалту медицинасы және психиатрия, хирургиялық аурулар (қосалқы мамандықтар), клиникалық генетика, балалар хирургиясы, жұқпалы аурулар, реаниматология және қарқынды терапия, травматология және ортопедия, фтизиатрия, амбулаториялық-емханалық терапия, сот медицинасы, кәсіби аурулар, шығыс медицинасы, клиникалық фармакология, стоматология.

Клиникалық дағдыларға мыналар жатады: анамнез жинау, физикалық тексеру, қарым-қатынас дағдылары, процедуралар мен зерттеулер, жедел медициналық көмек, дәрі-дәрмектерді жазып беру және тағайындау және емдеу

Оқыту және оқу әдістері мыналарды қамтиды: дәрістер, шағын топтарда оқыту, проблемалық-бағдарлы оқыту, клиникалық жағдайларға негізделген оқыту, практикалық және зертханалық сабақтар, науқастың төсегінде оқыту, нақты пациенттің қатысуымен клиникада оқыту, оқу-клиникалық орталықтардағы клиникалық дағдыларға оқыту, алғашқы медициналық-санитарлық көмек жағдайында оқыту, web – технологияларды пайдалана отырып оқыту.

Медициналық этика мыналарды қамтиды: медициналық практикадағы моральдық мәселелер, мысалы, дәрігердің мінез-құлқына және шешім қабылдауға байланысты құндылықтар, құқықтар мен міндеттер

Медициналық құқықтану: денсаулық сақтау жүйесінің заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін, кәсіптер мен медициналық практиканы, оның ішінде

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

дәрілік заттар мен медициналық технологияларды (аспаптар, құралдар және т.б.) өндіру және пайдалану ережелерін қамтиды.

Білім беру бағдарламасы оқытудың күтілетін нәтижелерін, мазмұнын / силлабусын, бағдарламаның тәжірибесі мен процестерін, оның ішінде оқыту мен оқудың жоспарланған әдістері мен бағалау әдістерінің құрылымын сипаттауды қамтиды және студенттердің қандай білімге, дағдылар мен қатынастарға қол жеткізетіні айқындалуы тиіс

Негізгі клиникалық пәндер: ішкі аурулар, хирургия, педиатрия, акушерлік және гинекология, психиатрия және жалпы медициналық практика/отбасылық медицина.

Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар: биостатистика, коммуналдық гигиена, эпидемиология, жаһандық денсаулық, гигиена, медициналық антропология, медициналық психология, медициналық әлеуметтану, қоғамдық денсаулық сақтау және әлеуметтік медицина.

Мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және медициналық этика: медициналық проблемалардың себептері, таралуы мен салдарларының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени жағдайларын түсіну үшін қажетті білім, тұжырымдамалар, әдістер, дағдылар мен қатынастарды қамтамасыз етеді.

Кәсіби дағдыларға мыналар жатады: пациенттерді басқару дағдылары, топтық жұмыс, көшбасшылық және кәсіби дайындық дағдылары.

Оқу бағдарламаларына жасапты құрылымдық бөлімшенің өкілеттіктері: жекелеген бөлімшелер мен пәндердің мүдделерінен басым болуды және ЖОО-ның басшы органдары немесе мемлекеттік уәкілетті органдар бекіткен қолданыстағы қағидалар мен ережелер шеңберінде білім беру бағдарламасын бақылауды қамтиды.

Теңдік қағидаты студенттерге жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан және физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, тең қарым-қатынасты білдіреді.

Нақты пациенттермен ерте байланысу мыналарды қамтиды: МСАК деңгейіндегі денсаулық сақтау ұйымдарында ішінара оқыту және пациенттермен байланыс жүргізу және бірінші кезекте анамнез жинауды, физикалық тексеруді және коммуникативтік дағдыларды қамтитын болады.

3. «БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ

3.1 Бағалау әдістері

Медициналық білім беру ұйымы:

3.1.1 *емтихандар мен басқа тестілердің санын, жазбаша және ауызша емтихандар арасындағы теңгерімді сақтауды, критерийлер мен пайымдауларға негізделген бағалау әдістерін және арнайы емтихандарды (ОҚКЕ немесе Мини-клиникалық емтихан) пайдалануды қамтитын білім алушыларды бағалау үшін пайдаланылатын қағидастарды, әдістер мен практиканы* айқындау, бекіту және жариялау, сондай-ақ өту балдарын, бағаларды белгілеу үшін критерийлерді және қайта тапсыруға рұқсат етілгендер санын айқындау;

3.1.2 бағалау білім, дағды және оқуға деген қарым-қатынасты қамтитынына кепілдік беру;

3.1.3 бағалау әдістері мен форматтарының *валидтілік, сенімділік, оқуға әсер ету, бағалау әдістері мен форматының қолайлылығы мен тиімділігі үйлесімін қамтитын олардың «пайдалылығын бағалауға»* қарай кең ауқымын пайдалану;

3.1.4 бағалау әдістері мен нәтижелері мүдделер қақтығысын болдырмауын қамтамасыз ету;

3.1.5 бағалау процесі мен әдістері сыртқы сарапшылар тарапынан сараптама үшін ашық (қолжетімді) болып табылатындығына кепілдік беру;

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

3.1.6 бағалау нәтижелеріне шағымдану жүйесін пайдалану **қажет**.

Медициналық білім беру ұйымы:

3.1.7 қолданыстағы бағалау тәжірибесінің сапасын қамтамасыз етудің тиісті процесін талап ететін бағалау әдістерінің сенімділігі мен валидтілігін құжаттауы және бағалауы;

3.1.8 қажеттілікке сәйкес бағалаудың жаңа әдістерін енгізуі;

3.1.9 бағалау нәтижелерін апелляциялау үшін жүйені пайдалануы қажет.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы әзірлеген студенттерді бағалаудың жалпы саясатын сипаттаңыз, Бағалау саясаты, бағалау әдістері, оның ішінде бағалау критерийлері, аралық және қорытынды емтихандарды өткізу мерзімдері, емтихан тапсыру критерийлері, білім алушылардың үлгерімінің салмағы мен критерийлері, апелляция рәсімі, рұқсат етілген қайта тапсырулар саны және емтиханды қайта тапсыру шарттары туралы ақпарат берілетін білім алушыларға берілетін құжаттарды әзірлеу және бекіту процесін сипаттаңыз. Жиынтық және қалыптастырушы бағалау, жазбаша және ауызша емтихандар, критерийлер мен пайымдауларға негізделген бағалау әдістері және объективті құрылымдалған клиникалық емтихан (ОҚКЕ) немесе Мини-клиникалық емтихан сияқты арнайы емтихандар арасындағы тепе-теңдік қалай қамтамасыз етіледі?*
- ✓ *Білім алушыларды бағалау саясатын қалыптастыруға және енгізуге кім жауапты? Тиісті комитеттердің құрамын және олардың өкілеттіктері мен жауапкершілік шеңберін сипаттаңыз.*
- ✓ *Студенттердің білімі мен дағдыларын, қарым-қатынасы мен қабілеттерін бағалау бойынша қызметкерлер мен тартылатын оқытушылардың құзыреттілігі қалай қамтамасыз етіледі, ЖҚБ қандай арнайы дайындықты ұсынады?*
- ✓ *Сыртқы емтихан алушыларды тарту практикасын және оларды емтихан комиссиясының құрамына енгізу үшін іріктеу критерийлерін сипаттаңыз.*
- ✓ *Пайдаланылған бағалау әдістерінің сенімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету тетіктерін сипаттаңыз.*
- ✓ *Бағалаудың жаңа әдістері қалай зерттеледі, тексеріледі және енгізіледі және олардың дұрыстығы мен сенімділігі қалай қамтамасыз етіледі?*
- ✓ *Апелляция беру үшін қандай тетіктер және өтінішті қарау рәсімі бар?*

3.2 Бағалау мен оқыту арасындағы өзара байланыс

Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың оқудағы жетістіктерін және қарым-қатынастардың білімін, дағдыларын, кәсіби құндылықтарын бағалауды қамтитын бағалау қағидаттарын, әдістері мен практикасын пайдалануға **тиіс**:

3.2.1 оқыту, оқыту әдістерімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен нақты салыстыруға болады;

3.2.2 білім алушылардың оқудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізуіне кепілдік береді;

3.2.3 білім алушылардың оқуына ықпал етеді;

3.2.4 оқытуды басқару және білім алушының академиялық прогресін бағалау үшін қалыптастырушы және жиынтық бағалау арасындағы тиісті теңгерімді қамтамасыз етеді, бұл прогресті бағалау қағидаларын және олардың бағалау процесіне қатынасын белгіледі талап етеді.

Медициналық білім беру ұйымы:

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

3.2.5 білім алуға және интеграцияланған оқытуға жәрдемдесу мақсатында білім беру бағдарламасының әртүрлі элементтерін тексерулердің саны мен сипатын реттегені және оқыту процесіне теріс әсер етпеу және ақпараттың шамадан тыс мөлшерін зерделеу қажеттілігін және білім беру бағдарламасының шамадан тыс жүктелуін болдырмағаны;

3.2.6 бағалау нәтижелері негізінде білім алушыларға уақтылы, нақты, сындарлы және әділ кері байланыс ұсынуға кепілдік бергені **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

✓ Оқытудың түпкілікті нәтижелері мен бағалау әдістерінің салыстырмалылығын, сондай-ақ оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістерін көрсететін кестені ұсынған жөн.

✓ Білім алушыларды прогресті бағалау мен бағалаудың талаптары мен қағидалары туралы хабардар ету үшін айқын тетіктерді белгілеп, ашықтықты қамтамасыз етуі керек.

✓ Білім алушының академиялық үлгерімін бағалаудың қолданыстағы тәжірибесін және белгіленген қағидаларды сипаттаңыз.

Өткізу практикасы мен бағалау әдістері оқытудың түпкілікті нәтижелерімен және оқыту әдістерімен қалай үйлеседі?

✓ Оқу бағдарламасының әр түрлі элементтерін қамтитын, емтихандардың саны мен сипатын көрсететін кестені көрсетіңіз.

3.2.1-кесте. Оқытудың түпкілікті нәтижелерінің, бағалау әдістерінің және оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістерінің салыстырмалылығы

| Оқытудың түпкілікті нәтижелері | Бағалау әдістері | Оқыту мен оқудың пайдаланылатын әдістері |
|--------------------------------|------------------|--|
| | | |

3.2.2-кесте. ББ құрамдас элементтері емтихандарының саны мен сипаты

| ББ элементтері / пәндер | Емтихандар/бағалар саны | Емтихандар/бағалар түрлері / нысандары |
|-------------------------|-------------------------|--|
| | | |

✓ Білім беру бағдарламасының әртүрлі элементтерін біріктірілген бағалау қанишалықты дәрежеде қамтамасыз етілгенін сипаттаңыз?

✓ Бағалау нәтижелері негізінде білім алушыларға кері байланыс беру тәжірибесін сипаттаңыз, оның ішінде білім алушылардың клиникалық ротация бойынша түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуі мен ілгерілеуін бағалау.

✓ Оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың түпкілікті нәтижелеріне (білім, дағды, қарым-қатынас/мінез-құлық) қол жеткізілгеніне дәлел келтіріңіз.

✓ Егер мүмкіндік болса, медициналық ЖОО-ның осы білім беру бағдарламасын аяқтаған түлектердің мемлекеттік қорытынды емтихандарын тапсыру нәтижелері және олардың соңғы 5 жылдағы дипломнан кейінгі даярлық бағдарламаларына түсуі туралы жиынтық деректерді ұсыну қажет.

Түсініктемелер мен анықтамалар:

- Бағалау үшін қолданылатын **әдістерді анықтау** формативті, жиынтық және қорытынды бағалар арасындағы тепе-теңдікті, емтихандар мен басқа да сынақтардың санын, емтихандардың әртүрлі түрлері арасындағы тепе-теңдікті қарауды, нормативті және критериалды негізделген пайымдауларды қолдануды, портфолио мен емтиханның арнайы түрлерін, мысалы, объективті құрылымдалған клиникалық емтиханды (OSCE) және мини-клиникалық

емтиханды (MiniCEX) қамтиды. Плагиат үшін жұмысты тексеру нәтижелерін де қамтуы мүмкін.

- *Арнайы емтихандарды* МББҰ немесе басқа мекемелер, мысалы, кәсіби қауымдастықтар немесе консорциумдар жүргізе алады.
- *Бағалау әдістерін зерттеу* бағалаудың дайындық пен оқуға қалай ықпал ететінін бағалауды қамтиды.
- *Бағалау әдістерінің сенімділігі мен дұрыстығын бағалау және құжаттау* бағалау тәжірибесінің сапасын қамтамасыз етудің тиісті процесін талап етеді.
- *Сыртқы емтихан алушыларды* пайдалану бағалаудың әділдігін, сапасы мен ашықтығын арттыруы мүмкін.
- *«Бағалаудың пайдалылығы»* – болжамды нәтижелерге қатысты бағалау әдістері мен форматтарының дұрыстығы, сенімділігі, оқытудың әсері, қолайлылығы мен тиімділігінің үйлесімі.
- *Бағалау қағидаттары, әдістері мен практикасы* білім алушының жетістіктерін бағалауды құру процесіне жатады және барлық салада: білім, дағды және қатынаста бағалауды қамтиды.
- *Интеграцияланған оқытуды ынталандыру* – бұл жеке пәндерді немесе пәндік салаларды барабар тестілеуді қамтамасыз ете отырып, бағалауды әр түрлі пәндер бойынша білім, дағды және ойлау/қарым-қатынас үйлесімі ретінде қарастыру. Интеграцияланған оқытуға жәрдемдесу жекелеген пәндер мен пәндік салалардың білімін бағалауды жүргізу кезінде интеграцияланған бағалауды пайдалануды қамтиды. Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың қағидаттары, әдістері мен практикалары барлық салаларда бағалауды қамтиды: білім, дағды және кәсіби көзқарас.

4. «БІЛІМ АЛУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ

4.1 Қабылдау және іріктеу саясаты

Медициналық білім беру ұйымы:

4.1.1 *білім алушыларды іріктеу процесі бойынша нақты белгіленген ережені қоса алғанда, қабылдау саясатын* айқындауы және іске асыруы;

4.1.2 *елдің қолданыстағы заңдары мен нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды қабылдау саясатын* жүргізуі және тәжірибесін енгізуі;

4.1.3 білім алушыларды басқа бағдарламалардан және медициналық білім беру ұйымдарынан ауыстыру саясатының болуы және практикаға енгізуі **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымы:

4.1.4 білім алушыларды іріктеу мен медициналық білім беру ұйымының миссиясы, білім беру бағдарламасы мен түлектердің қалаған сапасы арасында қарым-қатынас орнатқаны;

4.1.5 *халықтың және жалпы қоғамның денсаулық қажеттіліктеріне сәйкес болу үшін жұртшылықтан және мамандардан тиісті деректер негізінде қабылдау саясатын, олардың жынысын, этникалық шығу тегі мен тілін ескере отырып, студенттерді қабылдауды қарауды және аз қамтылған отбасылар мен аз ұлттың студенттері үшін арнайы қабылдау саясатының әлеуетті қажеттілігін* қоса алғанда, кезең-кезеңімен қайта қарағаны;

4.1.6 қабылдау бойынша шешімдерді апелляциялау үшін жүйені пайдаланғаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

| |
|---|
| ✓ Медициналық білім беру ұйымына түсу үшін белгіленген саясат пен |
|---|

- академиялық (егер академиялық емес болса) критерийлерді сипаттаңыз?*
- ✓ *Білім алушыларды іріктеу процесін өтініш қабылдаудан бастап, одан кейін сұхбат алу үшін іріктеу процесін, сұхбат процесін, шешім қабылдауды және медициналық білім беру ұйымына қабылдауды қысқаша сипаттаңыз. Іріктеудің әр кезеңі үшін мәні мен өлшемдерін сипаттаңыз, соның негізінде МББҰ-ға білім алушыларды қабылдау үшін жеке жауапты адамдар немесе топтар шешім қабылдайды.*
 - ✓ *Студенттерді іріктеу және қабылдау саясатына қай орган жауап береді және оның өкілеттіктері қандай?*
 - ✓ *Медициналық білім беру ұйымдарына білім алушыларды іріктеу және қабылдаудың қандай әдістерін осы орган қолданады?*
 - ✓ *Мүмкіндігі шектеулі студенттерді қабылдау саясаты мен тәжірибесін елдің қолданыстағы заңдары мен нормативтік құжаттарына сәйкес сипаттаңыз?*
 - ✓ *Медициналық білім беру ұйымында білім алушыларды ауыстыру үшін қандай саясат пен практика бар?*
 - ✓ *Студенттерді іріктеу үшін қолданылатын әдістер олардың медицинаның әртүрлі салаларында практикалық жұмысқа жарамдылығы мен қабілетін тексеруге қалай мүмкіндік беретінін сипаттаңыз?*
 - ✓ *Олар халықтың денсаулығын сақтау саласындағы әлеуметтік міндеттемелер мен қажеттіліктерге қаншалықты сәйкес келеді?*
 - ✓ *Аз қамтылған отбасылар мен аз ұлттардың білім алушыларын қабылдау бойынша медициналық білім беру ұйымының қолданыстағы саясаты мен тәжірибесін сипаттаңыз.*
 - ✓ *Қабылдау комиссиясы білім алушылардың кейінгі академиялық жетістіктеріне қатысты өз саясатының нәтижелерін қалай бағалайды?*
 - ✓ *Апелляцияға арналған тетіктер мен рәсімдерді сипаттаңыз? Апелляция ережелері мен рәсімдері талапкерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың назарына қалай жеткізіледі?*

Төмендегі 4.1, 4.1.1, 4.1.2, 4.1.3, 4.1.4-кестелерді толтырыңыз

4.1-кесте. Деңгейлер бойынша МББҰ-ға түсу үшін өту балы (егер осы әдістеме пайдаланылса)

| | | | | | |
|----------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Жылдар | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 |
| Өту балы | | | | | |
| | | | | | |

✓

✓ **4.1.1-кесте. Деңгей бойынша қабылданған білім алушылардың саны**

| | | | | | |
|------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| жылдар | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 |
| Өтініш бергендер саны | | | | | |
| Қабылданған білім алушылардың саны | | | | | |

4.1.2-кесте. Бірінші курсқа деңгейлер бойынша түскен білім алушылардың саны және осы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы саны

| | | | | | |
|---------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Білім алушылар саны | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 |
| Бірінші жыл | | | | | |
| Жалпы | | | | | |

✓

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

4.1.3-кесте. Бірінші курсқа түскен білім алушылардың саны және білім беру бағдарламалары бойынша оқудан шығарылған білім алушылардың жалпы саны

| | | | | | |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|
| Деңгейлер бойынша білім алушылардың саны | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 | 200 -00 |
| Бірінші жыл | | | | | |
| Жалпы | | | | | |

✓

4.1.4-кесте. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар туралы мәліметтер

| Деңгейлер бойынша білім алушылардың санаттары | Академиялық жыл | | | | | | | Жиыны |
|--|-----------------|---|---|---|---|---|---|-------|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| Оқудан шығарылады | | | | | | | | |
| Академиялық себептер бойынша оқудан шығарылғандар | | | | | | | | |
| Басқа МББҰ-ға ауыстырылды | | | | | | | | |
| Басқа МББҰ-дан ауысып келді | | | | | | | | |
| Қайталама оқу жылы | | | | | | | | |
| Талап етілетін клиникалық ротациялардан немесе пәндерден қайталама өту | | | | | | | | |
| Академиялық демалыс | | | | | | | | |

4.2 Білім алушыларды қабылдау

4.2.1 Медициналық білім беру ұйымы оқыту мен даярлаудың барлық сатыларында материалдық-техникалық және мүмкіндіктерге сәйкес қабылданатын білім алушылардың санын айқындауға және денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарына ұлттық талаптарды реттеу қажеттілігін болжайтын білім алушыларды қабылдау бойынша шешім шығаруға **тиіс**.

4.2.2 Медициналық білім беру ұйымы денсаулық сақтау секторындағы кадр ресурстарын жоспарлау мен дамытуға жауапты тиісті мүдделі тараптармен консультациялар процесінде қабылданатын білім алушылардың саны мен контингентін кезең-кезеңімен қарап, халықтың және жалпы қоғамның денсаулық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында реттеуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

| |
|--|
| ✓ Қабылданған білім алушылардың санын және олардың әртүрлі санаттар бойынша бөлінуін көрсетіңіз. |
|--|

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының материалдық-техникалық және оқу әлеуетіне қатысты қабылданатын білім алушылардың саны қалай анықталады?
- ✓ Қабылданған білім алушылардың санын және тиісті квоталарды реттеу үшін қандай тетіктер бар екенін сипаттаңыз?
- ✓ Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарына қажеттілік қалай бағаланады және медициналық білім беру ұйымы қабылданатын білім алушылардың саны мен құрамындағы өзгерістерге қатысты мүдделі тараптардың қайсысымен кеңеседі? Қолданыстағы МББҰ тәжірибесін қысқаша сипаттаңыз.

4.3 Білім алушыларға кеңес беру және қолдау көрсету

Медициналық білім беру ұйымында:

4.3.1 *элективті таңдауға, одан әрі оқуға дайындалуға, кәсіби мансапты жоспарлауға, жекелеген білім алушылар немесе білім алушылардың шағын топтары үшін академиялық тәлімгерлерді (менторларды) белгілеуге байланысты мәселелерді қамтитын өз білім алушыларына академиялық кеңес беру жүйесінің болуы;*

4.3.2 *әлеуметтік, қаржылық және жеке қажеттіліктерге бағытталған білім алушыларды қолдау бағдарламасын ұсынуы, оған әлеуметтік және жеке мәселелерге, денсаулық проблемаларына және қаржылық мәселелерге байланысты қолдау, медициналық көмектің қолжетімділігі, иммундау бағдарламалары және медициналық сақтандыру, сондай-ақ материалдық көмек, стипендиялар және кредиттер түріндегі қаржылық көмек қызметтері кіреді;*

4.3.3 білім алушыларды қолдау үшін ресурстар бөлуі;

4.3.4 кеңес беру мен қолдауға қатысты құпиялылықты қамтамасыз етуі **қажет**.

Медициналық білім беру ұйымы кеңес беруді қамтамасыз етуі керек, ол:

4.3.5 білім алушының прогресін мониторингілеуге негізделген және академиялық қолдауды, жеке мәселелер мен жағдайларға қатысты қолдауды, денсаулық проблемаларын, қаржылық мәселелерді қамтитын білім алушылардың әлеуметтік және жеке қажеттіліктеріне бағытталған;

4.3.6 кәсіби мансапты жоспарлау мен кеңес беруді қамтиды.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының білім алушыларға кеңес беру қызметіне қатысты тәжірибесін сипаттаңыз. Медициналық білім беру ұйымында білім алушыларды қолдайтын басқа қандай бағдарламалары бар?
- ✓ Білім алушылар басқа ұйымдар көрсететін қолдаудың қандай қосымша бағдарламаларына қол жеткізе алады?
- ✓ Оқушыларды қолдау үшін ресурстарды анықтау мен бөлудің қолданыстағы тетіктерін сипаттаңыз?
- ✓ Білім алушыларға кеңес беру мен қолдау көрсетуге қатысты құпиялылық қалай қамтамасыз етіледі?
- ✓ Білім алушыларға жеке кеңес беру мүмкіндігін сипаттаңыз және оның қол жетімділігі, құпиялылығы мен тиімділігі туралы түсініктеме беріңіз.
- ✓ Психологиялық, әлеуметтік, материалдық, академиялық қолдауды қажет ететін білім алушыларды анықтау үшін медициналық білім беру ұйымында қандай тетіктер бар екенін сипаттаңыз?
- ✓ Білім алушылардың денсаулығын қолдау бағдарламасы бар ма, мұндай бағдарламаға қалай қолдау көрсетіледі?
- ✓ Білім алушылардың кәсіби мансабын жоспарлауға қатысты кеңес беру тәжірибесін және осындай қолдаудың қандай тетіктері бар екенін сипаттаңыз.
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы білім алушыларды қолдау қызметтері туралы

ақпаратты білім алушылардың назарына қалай жеткізеді?

- ✓ *Студенттерді қолдау қызметін бағалау тетіктері қандай?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың тұлғалық дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету үшін қандай жағдайлар жасайды?*

4.4 Білім алушылардың өкілдігі

4.4.1 Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың өкілдігі саясатын және олардың білім беру бағдарламасын әзірлеуге, басқаруға және бағалауға және білім алушыларға қатысы бар басқа да мәселелерге тиісінше қатысу саясатын айқындап, енгізуі **тиіс**.

4.4.2 Медициналық білім беру ұйымы білім алушылар мен олардың ұйымдарына техникалық және қаржылық қолдау көрсетуді қоса алғанда, олардың қызметіне жәрдем көрсетуі және қолдау көрсетуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының білім беру бағдарламасына қатысты мәселелерді шешуге білім алушылардың тиісінше қатысуы мен үлесі туралы саясатын сипаттаңыз?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының білім алушылардың оларға қатысты басқа да мәселелерді шешуге қосқан үлесіне қатысты саясаты қандай?*
- ✓ *Білім алушылар осы саясатты әзірлеуге және енгізуге қандай үлес қосты?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының білім алушылардың өзін-өзі басқару қағидаттарына жәрдемдесу және медициналық білім беру ұйымының басқару органдарының қызметіне қатысу үшін қандай практикалық тетіктері бар?*
- ✓ *Білім алушы ұйымдарға техникалық және қаржылық қолдау көрсетуге арналған қолданыстағы тетіктерді сипаттаңыз?*

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- *Қабылдау саясаты жергілікті жағдайларға бейімделген ұлттық заңнамалық актілерге негізделген белгілі бір ережелерді білдіреді. Егер МББҰ қабылдау саясатын бақыламаса, онда ол жауапкершілікті көрсетіп, билікке перспективаларды түсіндіріп, қабылдаудың жеткіліксіздігіне, мысалы, тұтыну мен білім беру әлеуеті арасындағы теңгерімсіздікке назар аудартуы керек.*
- *Білім беру әлеуеті бағдарламаны іске асыру үшін қажетті барлық ресурстарға жатады, мысалы, ПОҚ саны, пациенттер, клиникалар және т.б.*
- *Іріктеу критерийлері жынысына, этникалық тегіне және басқа да әлеуметтік талаптарға (халықтың әлеуметтік-мәдени және тілдік ерекшеліктері) байланысты теңгерімді қабылдауды қарауды, оның ішінде дәрігерлер мен ашылықтардың ауылдық топтары үшін арнайы жинақтау, қабылдау және ресімдеу саясатының әлеуетті қажеттілігін қамтуы мүмкін.*
- *Білім алушыларды іріктеу процесі медициналық жоғары оқу орындарының нәтижелері, басқа академиялық немесе білім беру тәжірибесі, түсу емтихандары мен әңгімелесулер, оның ішінде медицинаның таңдалған саласында оқу уәждемесін бағалау сияқты іріктеудің логикалық негіздемесін де, әдістерін де қамтитын болады.*
- *Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қабылдау саясаты ұлттық заңнамалық актілер мен ережелерге сәйкес әзірленіп, дәрігерлер мен пациенттердің қауіпсіздігін ескеруі керек.*
- *Білім алушылардың сабаққа көшуі басқа білім беру бағдарламаларынан білім алушыларды білдіреді.*

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- *Қабылдау саясатын қайта қарау* білім алушылардың таңдалған медицина саласында құзыретті болу мүмкіндігін анықтау үшін іріктеу критерийлерін бағалауды, сондай-ақ денсаулық сақтау мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес болу үшін әлеуетті білім алушылардың тиісті әлеуметтік және кәсіби деректерін білдіреді.
- *Білім алушылардың саны* бойынша шешім таңдалған медицина саласы шеңберінде медицина кадрларының санына қойылатын ұлттық талаптарға сәйкес келу қажеттілігін білдіреді.
- *Тиісті мүдделі тараптар* денсаулық сақтаудың жергілікті және Ұлттық секторында адами ресурстарды жоспарлауға және дамытуға жауапты адамдарды, сондай-ақ денсаулық сақтаудың адами ресурстарының жаһандық аспектілері бойынша сарапшылармен және ұйымдармен (денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының жеткіліксіздігі және біркелкі бөлінбеуі, дәрігерлердің көші-қоны, жаңа медициналық ЖОО-ның ашылуы сияқты) қамтитын болады және халық пен жалпы қоғамның денсаулық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында реттейді.
- *Қоғамның медициналық-санитарлық қажеттіліктері* жынысына, этникалық тиесілігіне және басқа да әлеуметтік талаптарға (халықтың әлеуметтік-мәдени және тілдік ерекшеліктері), оның ішінде ауыл дәрігерлері мен азшылықтарды алудың, қабылдаудың және уәждеудің арнайы саясатының әлеуетті қажеттілігіне қарай іріктеу туралы мәселені қарау кіреді
- *Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарына қажеттілікті* болжау - әртүрлі нарықтық және демографиялық күштерді, сондай-ақ ғылыми эзірлемелерді және дәрігерлердің бөлінуін бағалау.
- *Академиялық кеңес беру* – бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын таңдауға байланысты процесс. Кеңес беруді ұйымдастыру, әдетте, академиялық тәлімгерлерді белгілеуді қамтиды және кәсіби медициналық ұйымдармен бірлесе отырып жүргізілуі керек.
- *Әлеуметтік, қаржылық және жеке қажеттіліктерді шешу* әлеуметтік, жеке, тұрғын үй проблемаларына, денсаулық проблемаларына және қаржы мәселелеріне қатысты кәсіби қолдауды білдіреді; және емханаларға, иммундау бағдарламаларына қолжетімділікті және денсаулықты/ өмірді/мүгедектік жағдайында сақтандыруды, сондай-ақ стипендиялар, гранттар және қарыздар нысанында қаржылық көмекті қамтиды.
- *Білім алушылардың өкілдігі* білім алушылардың бағдарламаны жергілікті немесе ұлттық деңгейде жоспарлауға және енгізуге жауапты топтардың немесе комитеттердің жұмысына қатысуын білдіреді.
- *Марапатталатын лауазымдар / стипендиялар* – бұл сыйақының әртүрлі түрлері болуы мүмкін, сондай-ақ ақы төленетін тағылымдамалар, басқа ұйымдарда оқу және т. б. кіруі мүмкін.
- *Оқуға қатысы бар медициналық қызметтің барлық түрлеріне қатысу* кәсіби қызметті практикалық дайындық пен теориялық оқытуға арнауды білдіреді.

5. «АКАДЕМИЯЛЫҚ ШТАТ / ОҚЫТУШЫЛАР» СТАНДАРТЫ

5.1 Кадрларды іріктеу және қабылдау саясаты

Медициналық білім беру ұйымы қызметкерлерді іріктеу және қабылдау саясатын анықтап, енгізуі керек:

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

5.1.1 медициналық және медициналық емес бейінді оқытушылар, толық немесе толық емес мөлшерлемен жұмыс істейтін оқытушылар арасындағы тиісті дәрежедегі арақатынасты қоса алғанда, білім беру бағдарламасын барабар іске асыру үшін базалық биомедициналық ғылымдардың, мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар мен клиникалық ғылымдардың академиялық штатының/оқытушыларының санатын, жауапкершілігін және теңгерімін, сондай-ақ академиялық және академиялық емес қызметкерлер арасындағы теңгерімді айқындайды;

5.1.2 педагогикалық, ғылыми және клиникалық біліктіліктер арасындағы тиісті арақатынасты қоса алғанда, үміткерлердің ғылыми, педагогикалық және клиникалық жетістіктері бойынша критерийлерді қамтиды;

5.1.3 базалық биомедициналық ғылымдар, мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және клиникалық ғылымдар академиялық штатының/оқытушыларының жауапкершіліктерін анықтайды және мониторингін қамтамасыз етеді.

Медициналық білім беру ұйымы қызметкерлерді іріктеу және қабылдау жөніндегі өз саясатында мынадай критерийлерді ескеруі тиіс:

5.1.4 өз миссиясына қатысы, жынысын, ұлтын, дінін, тілін және медициналық білім беру ұйымы мен білім беру бағдарламасына қатысы бар басқа да жағдайларды қамтитын жергілікті жағдайлардың маңыздылығы;

5.1.5 қызметкерлерді қаржыландыру және ресурстарды тиімді пайдалану үшін институционалдық жағдайларды ескеретін экономикалық мүмкіндіктер.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымына жұмысқа қабылдау үшін оқытушылардың біліктілігіне қандай талаптар қойылады?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының кадрларды іріктеуге қатысты шешімдеріне ықпал ететін институционалдық немесе мемлекеттік саясат немесе талаптар бар ма?*
- ✓ *Оқу бағдарламасын орындау үшін қажетті базалық биомедициналық ғылымдар, мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар және клиникалық ғылымдар оқытушылардың ауқымы мен тепе-теңдігіне сәйкес келетін оқытушылар құрамының бейінін қамтамасыз ету үшін медициналық білім беру ұйымының қандай саясат жүргізетінін сипаттаңыз.*
- ✓ *Медициналық және медициналық емес бейінді оқытушылар мен толық және толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін оқытушылар арасындағы байланыс қандай?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымына жұмысқа қабылдау үшін оқытушылардың біліктілігіне қандай талаптар қойылады?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының кадрларды іріктеуге қатысты шешімдеріне ықпал ететін институционалдық немесе мемлекеттік саясат немесе талаптар бар ма?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы кадрларды қалыптастыруда өзінің басымдықтарының тізбесін қаншалықты жиі қайта қарайды?*
- ✓ *Ерекшелігі бар жергілікті жағдайларды ескере отырып, қызметкерлер мен оқытушылардың қажеттіліктерін анықтау үшін қандай тетіктер қолданылатынын сипаттаңыз.*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы өз миссиясына және оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін кадрларды іріктеу практикасын қалай жақсартуды көздейді және экономикалық мүмкіндіктер қалай қарастырылады?*

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| |
|--|
| <p>✓ <i>Практиканы жақсарту, сондай-ақ экономикалық және ресурстық қолдау қызметкерлердің ғылыми, оқытушылық және клиникалық біліктілігін арттыруға қалай әсер етеді?</i></p> <p>✓ <i>5.1, 5.1.1-кестелерді толтырыңыз</i></p> |
|--|

5.1-кесте. Базалық биомедициналық пәндер кафедрасы оқытушыларының штаты

| Пәндер | Толық ставкаға | | | | | Толық емес ставкаға |
|-------------------------|----------------|-----------------------------------|-----------------------------------|------------|----------------|---------------------|
| | профессор | Доцент/қауымдастырылған профессор | Ассистент/профессордың ассистенті | Зертханашы | Бос лауазымдар | |
| Биохимия | | | | | | |
| Молекулалық биология | | | | | | |
| Медициналық генетика | | | | | | |
| Анатомия | | | | | | |
| Гистология | | | | | | |
| Физиология | | | | | | |
| Патологиялық анатомия | | | | | | |
| Патологиялық физиология | | | | | | |
| Фармакология | | | | | | |
| Микробиология | | | | | | |

5.1.1-кесте. Клиникалық пәндер оқытушыларының штаты

| Пәндер | Толық ставкаға | | | | | Толық емес ставкаға |
|--|----------------|-----------------------------------|-----------------------------------|------------|----------------|---------------------|
| | профессор | Доцент/қауымдастырылған профессор | Ассистент/профессордың ассистенті | Зертханашы | Бос лауазымдар | |
| Ішкі аурулар пропедевтикасы | | | | | | |
| Ішкі аурулар | | | | | | |
| Хирургия | | | | | | |
| Акушерлік және гинекология | | | | | | |
| Педиатрия | | | | | | |
| Психиатрия | | | | | | |
| Жалпы дәрігерлік практика/Отбасылық медицина | | | | | | |
| Анестезиология | | | | | | |
| Реаниматология және қарқынды терапия | | | | | | |
| Травматология | | | | | | |
| Жедел шұғыл медициналық көмек | | | | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | | | | | |
|-------------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|
| Дерматология және венерология | | | | | | | |
| Неврология | | | | | | | |
| Нейрохирургия | | | | | | | |
| Онкология және сәулелік терапия | | | | | | | |
| Офтальмология | | | | | | | |
| Ортопедтік хирургия | | | | | | | |
| Оториноларингологтар | | | | | | | |
| Физиотерапия және оңалту медицинасы | | | | | | | |
| Клиникалық генетика | | | | | | | |
| Балалар хирургиясы | | | | | | | |
| Жұқпалы аурулар | | | | | | | |
| Фтизиатрия | | | | | | | |
| Амбулаториялық-емханалық терапия | | | | | | | |
| Сот медицинасы | | | | | | | |
| Кәсіби аурулар | | | | | | | |
| Гериатрия | | | | | | | |
| Паллиативті көмек | | | | | | | |

5.2 Қызметкерлердің қызмет және даму саясаты

Медициналық білім беру ұйымы қызметкерлердің қызметі мен даму саясатын айқындауы және енгізуі **тиіс**, ол:

5.2.1 медициналық білім беру ұйымының қажеттіліктерін және оқытушылардың кәсіби біліктілігін ескере отырып, әрбір қызмет түрі үшін уақыт белгілеуді қамтитын оқытушылық, ғылыми және сервистік функциялар арасындағы теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді;

5.2.2 педагогикалық, зерттеу және клиникалық біліктілікке тиісті назар аударатын отырып, академиялық қызметті абыроймен тануға кепілдік береді және наградалар, қызмет бойынша жоғарылату және/немесе сыйақы түрінде жүзеге асырылады;

5.2.3 клиникалық қызмет пен ғылыми зерттеулер оқыту мен оқуда қолданылатынына кепілдік береді;

5.2.4 ынтымақтастық пен интеграцияны ынталандыру мақсатында оқыту/оқу әдістері мен білім беру бағдарламасының жалпы мазмұны туралы және басқа да пәндер мен пәндік салалар туралы білімді қамтитын білім беру бағдарламасын әрбір қызметкерінің жеткілікті білуіне кепілдік береді;

5.2.5 оқытушыларды оқытуды, дамытуды, олардың қызметін қолдауды және бағалауды қамтиды, оған жұмысқа жаңадан қабылданған барлық оқытушылар ғана емес, сондай-ақ ауруханалар мен клиникалардан тартылған оқытушылар да қатысады.

Медициналық білім беру ұйымы:

5.2.6 білім беру бағдарламасының әртүрлі компоненттеріне қарай «Оқытушы-студент» арақатынасын ескергені;

5.2.7 қызметкерлерді өсіру саясатын әзірлеп, енгізгені **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

✓ Медициналық білім беру ұйымы академиялық, ғылыми-зерттеу, клиникалық және басқару салаларында оқытушыларды лайықты тану

мен лайықты марапаттауды қамтамасыз етуге қатысты қандай саясатты жүргізетінін сипаттаңыз?

- ✓ *Бұл салада қосымша институционалдық немесе мемлекеттік саясат немесе ережелер бар ма?*
- ✓ *Оқытушылардың әлеуетін дамыту әрі қолдау және олардың қызметін бағалау бойынша қандай тетіктер бар?*
- ✓ *Қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қандай бағдарламалары бар немесе жоспарланған, олардың аясында оқытушылар өз дағдыларын жетілдіріп, оқытушылық қызметіне объективті баға ала алады?*
- ✓ *Оқытушылардың біліктілігін арттыру бағдарламаларына қатысуы қалай ынталандырылады?*
- ✓ *Білім беру бағдарламасы бойынша оқытушылардың әлеуетін арттыру бағдарламасын және әлеуетті арттыру жоспарын сипаттаңыз.*
- ✓ *Кадрлық саясатта білім беру бағдарламасының әртүрлі компоненттеріне қатысты оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы қалай ескерілетінін сипаттаңыз?*
- ✓ *Қызметкерлердің қызметін өсіру саясатын (мансаптық өсу) және оны іске асыру тетіктерін қысқаша сипаттаңыз.*
- ✓ *Қызметкерлердің қызметін өсіру саясатына қалай өзгерістер енгізілетінін сипаттаңыз. Оқытушылар кафедралар қызметінің ерекшелігін ескере отырып, өздерінің мүмкіндіктері мен талаптары туралы ақпаратты қалай алады және олар лауазымға қалай тағайындалады?*

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- *Кадр саясаты* оқу бағдарламасын жүргізу үшін жоғары білікті оқытушылар мен ғалымдардың жеткілікті санын қамтамасыз етуді білдіреді.
- *Практикалық тәжірибе* медицинаның тиісті саласындағы маманның танылуын білдіреді.
- *Басқа міндеттерге* әкімшілік функциялар, сондай-ақ білім беру және зерттеу міндеттері кіреді.
- *Белгілі бір мамандық оқытушылары* жалпы бағдарлама алдында міндеттемесіз белгілі бір мамандық бейінді салада ғана оқытатын болады.
- *Оқыту, кеңес беру және өз бетінше оқу уақыты* әр түрлі жүктемелер арасындағы тепе-теңдікті білдіреді және жұмыс кестелерін үйлестіруді қажет етеді.
- *Ғылыми, академиялық қызметті лайықты түрде тану* наградалар, көтермелеулер және/немесе сыйақылар есебінен мүмкін болады.

6. «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» СТАНДАРТЫ

6.1 Материалдық-техникалық база

Медициналық білім беру ұйымы:

6.1.1 оқытушылар мен білім алушылар үшін білім беру бағдарламасының барабар орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеткілікті *материалдық-техникалық базасының* болуы;

6.1.2 қажетті ақпаратты қамтамасыз етуді және *зиянды заттардан, микроорганизмдерден қорғауды, зертханада және жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды* қамтитын қызметкерлер, білім алушылар, пациенттер және оларға күтім жасайтындар үшін *қауіпсіз ортаны* қамтамасыз етуі **қажет.**

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

6.1.3 Медициналық білім беру ұйымы оқыту практикасындағы дамуға сәйкес келуі тиіс материалдық-техникалық базаны тұрақты жаңарту, кеңейту және нығайту арқылы білім алушылардың оқу ортасын жақсартқаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Оқу бағдарламасының клиникалық емес компоненттерін қамтамасыз ету үшін қол жетімді материалдық-техникалық базаның әр элементіне қысқаша сипаттама беріңіз.
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасы үшін білім беру ресурстарының барабарлығын қалай тексереді?
- ✓ Студенттер мен оқытушылардан қолда бар материалдық-техникалық база туралы кері байланысты жүзеге асыру және білім беру ресурстарына қажеттілікті талдау үшін қандай тетіктер бар?
- ✓ Анықталған кемшіліктерді жоюға ресурстық қаражат бөлу үшін медициналық білім беру ұйымы қандай өкілеттіктерге ие?
- ✓ Университет аумағында және клиникалық оқу базаларында сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта студенттерге қауіпсіз оқыту мен қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз ететін қауіпсіздік жүйесі мен жауапты персоналды сипаттаңыз.
- ✓ Дүлей апат және өзге де зілзалалар мен төтенше жағдайларға дайындық үшін қолда бар және ұсынылатын бастамаларды, оның ішінде медициналық білім беру ұйымының студенттері, оқытушылары мен қызметкерлері үшін жоспарлау, міндетті оқыту және ресурстардың қолжетімділігі бойынша қызметті сипаттаңыз.
- ✓ Оқу бөлмелерінде, зертханаларда және жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету тетіктерін сипаттаңыз? Қауіпсіздік техникасын сақтау нұсқаулықтары мен ережелері қызметкерлердің, студенттердің назарына қалай жеткізіледі?
- ✓ Материалдық-техникалық базаны жаңарту және нығайту және олардың оқытудағы заманауи технологияларға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қандай тетіктер қолданылады?
- ✓ Анықталған қажеттіліктер мен басымдықтарға сәйкес материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша қандай жоспарлардың бар екенін көрсетіңіз.

6.2 Клиникалық дайындыққа арналған ресурстар

Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың барабар клиникалық тәжірибе алуы үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз етуі, сонымен қатар:

6.2.1 пациенттердің саны мен санаттары;

6.2.2 емханаларды, амбулаториялық-емханалық қызметтерді (АМСК-ны қоса алғанда), алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерін, денсаулық сақтау орталықтарын және халыққа медициналық көмек көрсететін басқа да мекемелерді, сондай-ақ клиникалық базалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, клиникалық оқытуды жүргізуге және негізгі клиникалық пәндер бойынша ротацияны қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін клиникалық дағдылар орталықтарын/зертханаларын қамтитын клиникалық базалардың саны мен санаттары жеткілікті;

6.2.3 білім алушылардың клиникалық практикасын бақылауы **тиіс**.

6.2.4 Медициналық білім беру ұйымы қызмет көрсетілетін халықтың қажеттіліктеріне сәйкес келу мақсатында клиникалық даярлау үшін ресурстарды зерделеуі және бағалауы, бейімдеуі және жақсартуы **қажет**, бұл клиникалық базаларға, жабдықтарға, пациенттердің саны мен санатына және клиникалық практикаға,

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

супервайзер ретінде бақылауға және әкімшілендіруге қатысты клиникалық даярлау бағдарламалары үшін сәйкестік пен сапаны қамтитын болады.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Студенттерді ауруханаларда, амбулаторлық-емханалық мекемелерде, муниципалды клиникаларда, алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерінде, оқу зертханаларында клиникалық оқытуға арналған медициналық білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасына қысқаша сипаттама беріңіз.
- ✓ Клиникалық базалардың сипаттамасын көрсетіңіз (толық атауы, қай уақыттан бастап МББҰ клиникалық базасы, төсек қоры, бөлімшелер, келушілер саны, МББҰ қызметкерлерінің төсек-орынмен қамтамасыз етілуі - саны, пациенттер).
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы студенттердің клиникалық дайындығын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаның сәйкестігін, пациенттердің саны мен бейінін қалай тексеретінін сипаттаңыз?
- ✓ Кемшіліктерді жоюдың қандай тетіктері бар?
- ✓ Оқытушыларға студенттерді клиникалық оқыту үшін пациенттердің барлық санаттары мен клиникалық жағдайларды оқытудың түпкілікті нәтижелеріне сәйкес анықтауға және тиісті клиникалық базаларды (клиникалар, емханалар, отбасылық медицина орталықтары) студенттің күтілетін жауапкершілік деңгейіне сәйкес таңдауға кепілдік беретін практика мен қолданыстағы тетіктерді сипаттау керек. Оқытушылар білім беру бағдарламасының клиникалық оқыту міндеттерінің орындалуын және студенттердің күтілетін нәтижеге қол жеткізуін қадағалап, қамтамасыз етуі керек.
- ✓ Студенттердің клиникалық тәжірибесін бақылау қалай қамтамасыз етілетінін сипаттаңыз?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы өзгеретін қажеттіліктерді ескере отырып, оқу зертханалары мен мекеме-филиалдарды қоса алғанда, клиникалық оқыту үшін материалдық-техникалық базаны қалай бейімдеп, жақсартады?

6.2-кестесін толтырыңыз

6.2-кесте. Клиникалық базалардың сипаттамасы

| № | Базаның / бөлімшенің атауы және шарт жасасу күні | Заңды мекенжайы | Төсек қоры (бар болса) | Денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу (аккредиттеу күні мен кезеңі, аккредиттеу органы) (бар болса) | Клиникалық пәндердің атауы | Студенттер тобының немесе клиникалық ротациялардың саны | Оқу бөлмелерінің / аудиториялардың саны |
|---|--|-----------------|------------------------|--|----------------------------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

6.3 Ақпараттық технологиялар

6.3.1 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасында *тиісті* ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға және бағалауға бағытталған саясатты айқындауы және енгізуі **тиіс**.

6.3.2 Медициналық білім беру ұйымы желілік немесе басқа да электрондық бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз етуі **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

Медициналық білім беру ұйымы оқытушылар мен студенттерге ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беруі **керек**:

6.3.3 өз бетінше оқу үшін;

6.3.4 ақпаратқа қол жеткізу;

6.3.5 пациенттерді жүргізу;

6.3.6 денсаулық сақтау жүйесіндегі жұмыстар.

6.3.7 Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың пациенттің тиісті деректеріне және денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігін оңтайландырғаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Оқу бағдарламасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануға қатысты қолданыстағы саясатты сипаттаңыз?
- ✓ Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саясатын қалыптастыруға және енгізуге жауапты комитеттің немесе бөлімшенің құрамын сипаттаңыз?
- ✓ Ақпараттық және коммуникациялық технологияларға қатысты қандай да бір институционалдық немесе мемлекеттік саясат бар ма?
- ✓ Оқу бағдарламасына ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізуге ресурстар бөлу үшін қандай өкілеттіктерге ие?
- ✓ Оқу бағдарламасында қолданылатын тиісті ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бағалау тетіктерін сипаттаңыз?
- ✓ Білім беру бағдарламасын қолдау үшін заманауи және жоғары сапалы ақпараттық ресурстарға қалай қол жеткізілетінін сипаттаңыз (MEDLINE, EMBASE библиографиялық мәліметтер базасына қол жеткізу, электрондық кітаптар мен анықтамалық материалдарға қол жеткізу, электрондық журналдарға қол жеткізу).
- ✓ Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша оқытушылар мен студенттерге арналған арнайы даярлық бағдарламалары бар ма?

6.4 Медицина саласындағы зерттеулер және ғылыми жетістіктер

Медициналық білім беру ұйымы:

6.4.1 білім беру бағдарламасының негізі ретінде медицина саласындағы зерттеу қызметі мен ғылыми жетістіктері болуы;

6.4.2 ғылыми зерттеулер мен білім беру арасындағы өзара байланысқа жәрдемдесетін саясатты айқындау және енгізу;

6.4.3 медициналық білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу базасы және ғылыми зерттеулер саласындағы басым бағыттары туралы ақпарат беруі;

6.4.4 медициналық ғылыми зерттеулерді оқу бағдарламасының негізі ретінде пайдалануы **қажет**.

Медициналық білім беру ұйымы ғылыми зерттеулер мен білім беру арасындағы өзара байланысқа кепілдік бергені **жөн**:

6.4.5 оқытуда ескеріледі;

6.4.6 білім алушыларды медицина саласындағы ғылыми зерттеулерге және олардың дамуына қатысуға ынталандырып, дайындайды.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Ғылыми-зерттеу базасын және ғылыми зерттеулер бойынша іске асырылатын бағдарламаларды қысқаша сипаттаңыз.
- ✓ Ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламасы арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін тетіктерді сипаттаңыз?
- ✓ Ғылыми зерттеулердің жетістіктері мен нәтижелері медициналық білім беру ұйымының білім беру бағдарламасында және оқытуда көрсетілгенін растау

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| |
|--|
| <p>үшін қандай тетіктер бар?</p> <p>✓ Студенттерді медицинада ғылыми зерттеулер жүргізуге тартуға бағытталған бастамалар мен қолданыстағы тәжірибені сипаттаңыз.</p> <p>✓ 6.4, 6.4.1-кестелерді толтырыңыз</p> |
|--|

6.4-кесте. Медициналық білім беру ұйымының ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары (білім беру бағдарламасы шеңберінде)

| Ғылыми жобалар/бағдарламалар тақырыбының атауы | Тапсырыс беруші және қаржыландыру көзі | Басшының аты-жөні | Орындалу мерзімі | Бірлесіп орындаушы ұйымдар, оның ішінде шетелдік ұйымдар | Жергілікті (елдік) жарияланымдардың саны | Алыс-жуық шетелде рдегі жарияланымдар саны | Авторлық куәліктер, оқытушы патенттері, патенттер, басқа да қорғау құжаттарының саны | Енгізілген ғылыми-техникалық әзірлемелер саны |
|--|--|-------------------|------------------|--|--|--|--|---|
| | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | |

6.4.1-кесте. Білім алушылардың қазіргі уақытта студенттердің ғылыми зерттеулерге қатысуы туралы мәліметтер

| Ғылыми жобалардың / зерттеулердің атауы | Студенттердің қатысуы (саны) | Жарияланған мақалалар (саны) | Жергілікті, халықаралық конференцияларға/презентацияларға қатысу (саны) |
|---|------------------------------|------------------------------|---|
| | | | |

6.5 Білім беру саласындағы сараптама

Медициналық білім беру ұйымы:

6.5.1 қажет болған жағдайда, білім беру саласындағы сараптамаға қол жеткізе алуы және медициналық білім беру процестерін, практикасын және проблемаларын зерделейтін сараптама жүргізуі және медициналық білім беруде зерттеулер жүргізу тәжірибесі бар дәрігерлерді, білім беру саласындағы психологтар мен әлеуметтанушыларды немесе басқа ұлттық және халықаралық институттардың сарапшыларын тартуы қажет.

Медициналық білім беру ұйымы төменде айтылған білім беру саласындағы сараптаманы пайдалану саясатын айқындап, енгізуі тиіс:

6.5.2 білім беру бағдарламасын әзірлеуде;

6.5.3 білім мен дағдыларды оқыту және бағалау әдістерін әзірлеуде.

Медициналық білім беру ұйымы:

6.5.4 қызметкерлердің әлеуетін дамыту үшін медициналық білім беру саласында ішкі немесе сыртқы сараптаманы пайдаланудың дәлелдерін ұсынғаны;

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

6.5.5 білім беруді бағалауда және медициналық білім берудегі зерттеулерде медициналық білім берудегі теориялық, практикалық және әлеуметтік мәселелерді зерттеуді қамтитын пән ретінде сараптаманы дамытуға тиісті дәрежеде көңіл бөлгені;

6.5.6 қызметкерлердің медициналық білім беруде зерттеулер жүргізуге ұмтылысы мен мүдделеріне жәрдемдескені **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беруде сараптама жүргізудің қолданыстағы тәжірибесін сипаттаңыз. Зерттеудің басым бағыттары қалай анықталады және олар білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне бағытталған ба?*
- ✓ *Білім беру саласында осындай сараптама мен зерттеулер жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше анықталды ма? Мұндай бөлімшенің құрылымы мен өкілеттіктерін сипаттаңыз.*
- ✓ *Іске асыруға тиісті білім беру бағдарламасын қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы саясатты сипаттаңыз?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының психологтарды, әлеуметтанушыларды және/немесе сыртқы сарапшыларды медициналық білім беруде зерттеулер жүргізуге, білім беру бағдарламасын, оқыту әдістерін және бағалау әдістерін әзірлеуге тарту бойынша қандай тәжірибесі бар?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы медициналық білімнің ішкі сараптамасына немесе білім беру саласындағы қандай да бір басқа сараптамаға қол жеткізе ала ма? Қызметкерлердің әлеуетін дамыту үшін осындай сараптаманы қолдануды сипаттаңыз.*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы білім беруді зерделеу мен бағалауда және медициналық білім беруді пән ретінде зерттеуде сараптаманы дамыту бойынша қандай тәжірибеге ие?*
- ✓ *Медициналық білім беруді зерттеу үшін қызметкерлерді қолдау үшін қандай тетіктер бар?*

6.6 Білім беру саласында алмасу

Медициналық білім беру ұйымы саясатты анықтап, енгізуі **керек**:

6.6.1 басқа медициналық жоғары оқу орындарымен ұлттық және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық;

6.6.2 басқа білім беру ұйымдарынан аударылуы мүмкін және білім беру бағдарламасының элементтерін өзара тану туралы келісімдер жасасу және медициналық білім беру ұйымдары арасындағы бағдарламаларды белсенді үйлестіру және кредиттік бірліктердің ашық жүйесін және курстардың икемді талаптарын пайдалану ықпал етуі мүмкін білім беру бағдарламасы көлемінің шегін қарауды қамтитын білім беру кредиттерін аудару және өзара есепке алу.

Медициналық білім беру ұйымы:

6.6.3 тиісті ресурстармен қамтамасыз ете отырып, қызметкерлер (академиялық, әкімшілік және оқытушылық штат) мен білім алушылардың өңірлік және халықаралық алмасуына жәрдемдескені;

6.6.4 алмасу қызметкерлердің, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып және этикалық қағидаттарды сақтай отырып, мақсаттарға сәйкес ұйымдастырылғанына кепілдік бергені **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы басқа МББҰ-мен ынтымақтастыққа қатысты қандай саясат жүргізеді?*
- ✓ *Басқа МББҰ-мен ынтымақтастықтың қазіргі түрлеріне қысқаша сипаттама беріңіз және олардың сипаттап беріңіз.*

- ✓ *Медициналық білім беру ұйымының білім беру кредиттерін аудару мен өзара есепке алуға қатысты саясаты мен практикасы қандай?*
- ✓ *Басқа медициналық білім беру ұйымдарымен өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған қолданыстағы қызметті сипаттаңыз.*
- ✓ *Практиканы сипаттаңыз және студенттер мен оқытушылармен алмасу және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу туралы ақпарат беріңіз.*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы халықаралық ынтымақтастыққа ресурстар бөлу үшін қандай өкілеттіктерге ие?*

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- Дәріс залдары, оқу кабинеттері, зертханалар, кітапханалар, ақпараттық-технологиялық жабдықтар, сондай-ақ қолайлы демалыс орындары оқу орындарында *материалдық-техникалық жабдықтау* болуы мүмкін.
- *Білім беру орталары* алғашқы, екінші және үшінші қызметтердің барабар үйлесімі бар клиникалар, пациенттер мен зертханалар үшін жеткілікті палаталар, амбулаториялық қызметтер (оның ішінде алғашқы медициналық көмек), алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелері, медициналық орталықтар және басқа да денсаулық сақтау орындары, сондай-ақ кәсіби зертханалар болуы мүмкін.
- *Қоғамдық нысандарға* алғашқы медициналық көмек орталықтары немесе станциялар, қарттар үйі, арнайы клиникалар, мамандар практикасы және белгілі бір географиялық аймаққа медициналық көмек көрсететін басқа да объектілер жатады.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану саясаты барлық қажетті ресурстарды (компьютерлер, ішкі және сыртқы желілер және басқа да байланыс құралдары) қамтиды және кітапхана қызметтерін пайдалануды көздейді.
- *Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды* қолдану дәлелді медицина үшін және білім алушыларды үздіксіз медициналық білім беруге және кәсіби дамуға дайындау үшін білім берудің бір бөлігі бола алады.
- Командада жұмыс істеу пәнаралық оқытуға ықпал етеді.
- *Медициналық және ғылыми зерттеулер* медициналық-биологиялық, клиникалық, мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдардың базалық деңгейіндегі ғылыми зерттеулерге әсер етеді. Медицина ғылымы озық медициналық білім мен зерттеулердің академиялық жетістіктерін білдіреді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының медициналық зерттеулерінің негізі оқыту ортасы немесе үлестес мекемелер және / немесе оқытушылар құрамының стипендиялық және ғылыми құзыреттері шеңберінде ғылыми-зерттеу қызметімен қамтамасыз етілетін болады.
- *Білім беру саласындағы сараптама* дипломнан кейінгі медициналық оқыту процестері мен практикаларына және бағаларға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған және медициналық білім беруде жұмыс тәжірибесі бар сарапшыларды, педагог-психологтар мен әлеуметтанушыларды және т.б. қамтиды. Медициналық білім беру ұйымының оқу бөлімі жүргізуі немесе басқа ұлттық немесе халықаралық ұйымнан алынуы мүмкін.
- *Педагогикалық зерттеулер* оқу тиімділігі мен оқыту әдістерін және біршама кең институционалды контекстті зерттейді.
- *Оқу нәтижелерін беру* институттар/университеттер арасындағы бағдарламаны белсенді үйлестіру және кредиттерді пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін

7. «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ» СТАНДАРТЫ

7.1 Бағдарламаны мониторингтеу және бағалау тетіктері

Медициналық білім беру ұйымы:

7.1.1 білім беру процесінің тиісті түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында және араласуды талап ететін кез келген салаларды анықтау үшін білім беру бағдарламасының негізгі аспектілері туралы деректерді жинау мен талдауды қамтитын процестер мен нәтижелер мониторингі бағдарламасының болуы, сондай-ақ деректерді жинау білім алушыларды қабылдауға, оларды бағалауға және оқуды аяқтауға байланысты әкімшілік рәсімдердің бір бөлігі болып табылады;

7.1.2 бағалаудың тиісті нәтижелерінің оқу бағдарламасына әсер етуін бақылау қажет.

Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасын бағалаудың тетіктерін белгілеуі және қолдануы **керек**:

7.1.3 білім беру бағдарламасына және оның негізгі компоненттеріне бағытталған, олар білім беру бағдарламасының моделін, білім беру бағдарламасының құрылымын, мазмұны мен ұзақтығын және міндетті және іріктелген бөліктерін пайдалануды қамтиды;

7.1.4 білім алушының ілгерілеуіне бағытталған;

7.1.5 оқытудың күтілетін түпкілікті нәтижелеріне жеткіліксіз қол жеткізуді қамтитын проблемаларды анықтап, қарастырады және оқытудың түпкілікті нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған кемшіліктер мен проблемалар туралы алынған ақпарат іс-шаралар мен түзетуші іс-қимылдар жоспарларын жүргізу үшін, білім беру бағдарламасы мен пәндердің оқу бағдарламаларын жақсарту үшін кері байланыс ретінде пайдаланылады деп болжайтын болады;

Медициналық білім беру ұйымы кезең-кезеңімен мыналарға бағытталған білім беру бағдарламасына жан-жақты бағалау жүргізуі **тиіс**:

7.1.6 медициналық білім беру ұйымының ұйымдастырылуы мен ресурстарын, оқыту ортасы мен мәдениетін қамтитын білім беру процесінің мәнмәтініне;

7.1.7 оқыту мен оқудың, клиникалық ротациялардың және бағалау әдістерінің пәні мен әдістерінің сипаттамасын қамтитын білім беру бағдарламасының арнайы компоненттеріне;

7.1.8 ұлттық емтихандардың нәтижелерімен, мансапты таңдаумен және дипломнан кейінгі оқыту нәтижелерімен өлшенетін жалпы түпкілікті нәтижелерге;

7.1.9 Медициналық білім беру ұйымы әлеуметтік жауапкершілікке/есептілікке сүйенуі керек.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымы өз бағдарламасын қалай бағалайды?
- ✓ Бағдарламаның орындалуы және жалпы түпкілікті нәтижелер бойынша деректердің мониторингін дербес жүзеге асыратын және анықталған проблемалардың тиісті органға ұсынылуын қамтамасыз ететін топ бар ма?
- ✓ Білім беру бағдарламасын зерттеу және бағалау үшін қандай мәліметтер жиналады?
- ✓ Білім беру бағдарламасын, студенттердің үлгерімін зерттеу мен бағалаудың қандай тетіктері бар?
- ✓ Проблемаларды анықтау және оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін қандай тетіктер қолданылады?

7.2 Оқытушы мен білім алушының кері байланысы

7.2.1 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасының процесі мен өнімі туралы ақпаратты қамтитын оқытушылар мен білім алушыларға кері байланысты жүйелі түрде жинап, талдап, ұсынуы, сондай-ақ оқытушылардың немесе заңды салдары бар білім алушылардың жосықсыз практикасы немесе орынсыз мінез-құлқы туралы ақпаратты қамтуы **тиіс**.

7.2.2 Медициналық білім беру ұйымы кері байланыс нәтижелерін білім беру бағдарламасын жақсарту үшін пайдалануы **тиіс**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымы жеке оқытушылар мен студенттерді бағдарламаны бағалауды жүргізуге және бағдарламаны одан әрі жақсартуға қатысуға қалай ынталандырады?

7.3 Білім алушылардың оқу жетістіктері

Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың оқу жетістіктеріне:

7.3.1 оқытудың орташа ұзақтығы, үлгерім балдары, емтихандарды тапсыру және сәтсіздікке ұшырау жиілігі, оқу сәтті аяқталған және оқудан шығарылған жағдайлар туралы ақпаратты, білім алушылардың өткен курстардағы оқу шарттары туралы, таңдау бойынша компоненттерді қоса алғанда, қызықтыратын салаларды зерделеу үшін өткізілген уақыт туралы есептерді, сондай-ақ қайталама курстарда білім алушылармен әңгімелесуді және оқуды тоқтатқан білім алушылармен әңгімелесуді қамтитын білім беру бағдарламасының өз миссиясын және оқытудың түпкілікті нәтижелері;

7.3.2 білім беру бағдарламасы;

7.3.3. ресурстармен қамтамасыз ету.

Медициналық білім беру ұйымы білім алушылардың мыналарға қатысты оқу жетістіктерін талдағаны **жөн**:

7.3.4 әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайларды қамтитын олардың алдыңғы тәжірибесі мен шарттары;

7.3.5 медициналық білім беру ұйымына түсу сәтіндегі дайындық деңгейі.

Медициналық білім беру ұйымы мыналарға жауапты құрылымдық бөлімшелермен кері байланысты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың оқу жетістіктерін талдауды пайдаланғаны **жөн**:

7.3.6 білім алушыларды іріктеу;

7.3.7 білім беру бағдарламасын жоспарлау;

7.3.8 білім алушыларға кеңес беру.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Білім алушылар мен түлектердің оқу жетістіктері туралы қандай статистикалық мәліметтер жиналып, талданады және олар миссияға және оқудың түпкілікті нәтижелеріне, білім беру бағдарламасына, ресурстармен қамтамасыз етілуіне қалай қолданылады?
- ✓ Курс барысында білім алушылардың оқу жетістіктерінің қандай жеке параметрлері бойынша мониторинг жүзеге асырылады?
- ✓ Бұл мониторингтің нәтижелері студенттерді іріктеу, білім беру бағдарламаларын жоспарлау және білім алушыларға кеңес беру процесінде қалай қолданылады?

7.4 Мүдделі тараптарды тарту

Медициналық білім беру ұйымы өзінің мониторинг бағдарламасында және білім беру бағдарламасын бағалау жөніндегі іс-шараларда мыналарды қамтуға **тиіс**:

7.4.1 оқытушылар құрамы және білім алушылар;

7.4.2 өзінің әкімшілігі мен басқармасы.

Медициналық білім беру ұйымы басқа академиялық және әкімшілік қызметкерлердің өкілдерін, жұртшылықтың, білім беру және денсаулық сақтау жөніндегі уәкілетті органдардың, кәсіптік ұйымдардың өкілдерін қамтитын басқа да мүдделі тараптарға:

7.4.3 курсты және білім беру бағдарламасын бағалау нәтижелеріне қол жеткізуді ұсынуы;

7.4.4 түлектердің клиникалық практикасы бойынша олардан кері байланысты жинап, зерделеуі;

7.4.5 білім беру бағдарламасы бойынша олардан кері байланысты жинап, зерделеуі **қажет**.

Критерийлерді сипаттау бойынша ұсынымдар:

- ✓ *Оқытушылар құрамы мен білім алушылар, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымының әкімшілігі мен басқармасының қызметкерлері мониторинг процесіне және білім беру бағдарламасын бағалау жөніндегі іс-шараларға қалай тартылады?*
- ✓ *Медициналық білім беру ұйымы бағдарламаны бағалау нәтижелерін мүдделі тараптардың назарына қалай жеткізеді?*
- ✓ *Оқу бағдарламасына мониторинг және бағалау жүргізу және жақсарту процесіне басқа да мүдделі тараптар қандай дәрежеде тартылады?*
- ✓ *Бітірушілердің клиникалық практикасы бойынша кері байланысты тиісінше жинап, зерделеуді қамтамасыз ету және басқа да мүдделі тараптардың пікірін ескеру үшін қандай тетіктер (ресми және бейресми) құрылған?*

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- Бағдарламаны бағалау – бұл ББ тиімділігі мен жеткіліктілігін талдау және анықтау үшін ақпаратты жүйелі түрде жинау процесі. ББ бағалау миссияға, оқу бағдарламасына қатысты оқыту сапасын анықтау, оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін деректерді жинау мен талдаудың сенімді және дұрыс әдістерін пайдалана отырып жүргізілуі тиіс. Медициналық білім беру сарапшыларын тарту және оларды бағалау диплом алғаннан кейінгі білім сапасының дәлелі базасын одан әрі кеңейтеді.
- Бағдарламаны бақылау оқу процесінің жоспар бойынша жүріп жатқандығына кепілдік беру үшін және араласуды талап ететін кез келген салаларды анықтау үшін білім беру бағдарламасының негізгі аспектілері туралы деректерді үнемі жинауды білдіреді. Деректерді жинау білім алушыларды қабылдау, оларды бағалау және бағдарламаны аяқтау кезеңіндегі әкімшілік рәсімдердің бір бөлігі болып табылады.
- Бағдарлама туралы пікір білім беру бағдарламасының процестері мен өнімдері туралы ақпаратты қамтиды. Сондай-ақ, ол заңды салдары бар немесе жоқ оқытушылардың немесе білім алушылардың немқұрайлылығы немесе орынсыз әрекеттері туралы ақпаратты қамтиды. Есеп білім алушылардан курстардағы жағдай туралы ақпаратты қамтиды.
- *Кері байланыс* оқу бағдарламасының процесі мен өнімдері туралы есептер, академиялық шаттың пікірлерін және басқа да ақпаратты қамтиды.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- *Анықталған проблемалар* оқытудың белгіленген нәтижелеріне жеткіліксіз қол жеткізуді қамтиды. Белгілі бір кемшіліктер мен проблемаларды қоса алғанда, оқыту нәтижелері туралы шаралар мен ақпаратты іс-шаралар мен түзетуші іс-қимылдар жоспарларын жүргізу, бағдарламалар әзірлеу және оны одан әрі жетілдіру үшін пікірлер ретінде пайдалану керек.
- *Негізгі мүдделі тараптар* оқытушылар, білім алушылар және денсаулық сақтау органдары болып табылады.
- *Жалпы нәтижелер*, мысалы, ұлттық мамандандырылған емтихандардың, салыстырмалы талдау рәсімдерінің немесе жұмысқа орналасудың нәтижелері бойынша өлшенеді. Оларды әртүрлі емтихандардың нәтижелері бойынша талдау бағдарламаны жақсартуға негіз болады.
- *Басқа мүдделі тараптар* – негізгі мүдделі тараптардан басқа, медициналық кәсіби ұйымдарды, басқа мамандарды, денсаулық сақтау органдарын және дәрігерлерді және медицинамен байланысты кадрларды даярлауға қатысатын органдарды, клиникалардың басшыларын, пациенттер мен пациенттер ұйымдарын қамтиды.
- *Түлек - оқуды аяқтаған адам.*
- *Түлектердің клиникалық практикасы* дайындық бағдарламасын аяқтау бойынша талап етілетін оқудың түпкілікті нәтижелерін, мамандыққа сәйкес ұлттық сертификаттау емтихандарының нәтижелерін, бенчмаркинг рәсімін, мансаптық өсуді қамтиды.

8. «БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕТУ» СТАНДАРТЫ

8.1 Басқару

8.1.1 Медициналық білім беру ұйымы, егер медициналық білім беру ұйымы университеттің бір бөлігі немесе филиалы болып табылса, басқарушылық құрылымдар мен функцияларды, оның ішінде университетпен өзара қарым-қатынастарын айқындауға **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымы өзінің басқару құрылымдарында әрбір құрылымдық бөлімшенің жауапкершілігін белгілей отырып, құрылымдық бөлімшелерді айқындағаны және олардың құрамына енгізгені **жөн**:

8.1.2 академиялық қызметкерлердің өкілдері;

8.1.3 білім алушылар;

8.1.4 *білім және денсаулық сақтау министрлігінің, денсаулық сақтау секторының және қоғамның* өкілдерін қамтитын *басқа да мүдделі тараптар*.

8.1.5 Медициналық білім беру ұйымы бюллетеньдерде жарияланатын, ЖОО-ның веб-сайтында орналастырылатын, танысу және орындау үшін хаттамаларға енгізілетін басқару жүйесінің және қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ *Басқару құрылымын, оның компоненттерін және олардың функцияларын сипаттаңыз.*
- ✓ *Егер медициналық МББҰ университеттің бір бөлігі немесе филиалы болған жағдайда, медициналық білім беру ұйымы мен университет арасындағы өзара қарым-қатынасты сипаттаңыз.*
- ✓ *Әртүрлі басқару құрылымдары мен комитеттеріндегі академиялық қызметкерлердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тараптардың өкілдігі мен функцияларын сипаттаңыз.*

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

8.2 Академиялық басшылық

8.2.1 Медициналық білім беру ұйымы білім беру бағдарламасын әзірлеу мен басқаруға қатысты *академиялық басшылықтың* жауапкершілігін анық айқындауы **тиіс**.

8.2.2 Медициналық білім беру ұйымы академиялық басшылықтың өз миссиясына қол жеткізу және оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қатысты мерзімді түрде бағалау жүргізуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Оқу бағдарламасының жекелеген бөліктері үшін жауапкершілікті көрсете отырып, медициналық білім беру ұйымының академиялық басқару құрылымын сипаттаңыз.
- ✓ Медициналық білім беру ұйымының академиялық басшылығының миссиясы мен мақсаттарына және оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қатысты қызметі қалай зерттеліп, бағаланады?

8.3 Оқытуға және ресурстарды бөлуге арналған бюджет

Медициналық білім беру ұйымы:

8.3.1 оқытуға арналған нысаналы бюджетті қоса алғанда, білім беру бағдарламасын ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер мен өкілеттіктердің нақты шеңберіне ие болу;

8.3.2 білім беру бағдарламасын орындау үшін қажетті ресурстарды бөлу және білім беру ресурстарын олардың қажеттіліктеріне сәйкес бөлу.

8.3.3 медициналық білім беру ұйымын қаржыландыру жүйесі бюджеттердің барлық деңгейлерінің тиімділігі, нәтижелілігі, басымдығы, ашықтығы, жауапкершілігі, аражігін ажырату және дербестігі қағидаттарына негізделуі **тиіс**.

Медициналық білім беру ұйымы:

8.3.4 оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу тәртібімен оқытушыларға лайықты сыйақыны қоса алғанда, ресурстарды бөлуде жеткілікті дербестік бергені;

8.3.5 ресурстарды бөлу кезінде медицина саласындағы ғылыми жетістіктерді және қоғам денсаулығының проблемалары мен олардың қажеттіліктерін назарға алғаны **жөн**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Білім беру ресурстарын бөлу және бөліп беру қажеттіліктерін зерттеудің қандай тетіктер бар?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы ресурстарды бөлуде дербестігі қандай? Медициналық білім беру ұйымының қолданыстағы саясаты мен тәжірибесін сипаттаңыз.
- ✓ Миссия мен түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін ресурстарды тиісінше бөлу қалай қамтамасыз етіледі?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымын қаржыландыру жүйесін сипаттаңыз

8.4 Әкімшілік штат және менеджмент

Медициналық білім беру ұйымының біліктілігіне сәйкес олардың саны мен құрамын қоса алғанда, тиісті әкімшілік штаты болуы **тиіс**, ол:

8.4.1 білім беру бағдарламасын және тиісті қызмет түрлерін енгізуді қамтамасыз етеді;

8.4.2 ресурстарды тиісінше басқаруға және бөлуге кепілдік береді.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

8.4.3 Медициналық білім беру ұйымы жақсарту үшін қажеттіліктерді қарауды қамтитын менеджмент сапасын қамтамасыз етудің ішкі бағдарламасын әзірлеп, енгізуі және менеджментке тұрақты шолу жасап, талдау жүргізуі **керек**.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының қызметкерлері қандай әкімшілік функцияларды қамтамасыз етеді?
- ✓ Осы функцияларды қолдау үшін әкімшілік штат құрылымның сипаттамасын беріңіз.
- ✓ Әкімшілік штат қызметкерлерінің саны бағдарламаға және басқа да қызмет түрлеріне қатысты қалай белгіленеді
- ✓ Медициналық білім беру ұйымының әкімшілік-басқару буынында менеджмент сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы бар ма?
- ✓ Сапаны қамтамасыз ету бағдарламасына шолу және менеджментті талдау қалай жүзеге асырылады?

8.5 Денсаулық сақтау секторымен өзара іс-қимыл

8.5.1 Медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау секторымен, қоғамның және үкіметтің денсаулық сақтаудың аралас секторларымен *сындарлы өзара іс-қимылы* болуы **тиіс**, ол *ақпарат алмасуды, ұйымның ынтымақтастығы мен бастамаларын қамтиды, ол қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес білікті дәрігерлермен қамтамасыз етуге ықпал етеді.*

8.5.2 Медициналық білім беру ұйымына денсаулық сақтау секторындағы әріптестермен ынтымақтастыққа ресми мәртебе беру **керек**, ол ынтымақтастықтың мазмұны мен нысандарын айқындай отырып, ресми келісімдер жасасуды және/немесе бірлескен келісімшарт жасасуды және үйлестіру комитетін құруды және бірлескен іс-шаралар өткізуді қамтиды.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

- ✓ Медициналық білім беру ұйымының миссиясы мен білім беру бағдарламасына, ресурстармен, оқу-клиникалық базамен және оқытушылар құрамымен өзара әрекеттесетін денсаулық сақтау қызметтерімен қарым-қатынасын сипаттаңыз.
- ✓ Медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау секторымен сындарлы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін қандай ресми тетіктер бар?
- ✓ Медициналық білім беру ұйымы мен денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарының бірлескен жауапкершілігінің кез келген түріне сипаттама беріңіз.

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- Басқару дегеніміз - оқу бағдарламасын және қатысатын институттарды/факультеттерді/бөлімшелерді реттейтін акт және/немесе құрылымды білдіреді. Басқару, ең алдымен, саясатты әзірлеуге, институционалдық және академиялық саясатты құру процестеріне, сондай-ақ саясатты енгізуді бақылауға қатысты. Институционалдық және академиялық саясат, әдетте, ББ миссиясы, білім алушыларды қабылдау саясаты, қызметкерлерді жалдау және іріктеу саясаты және практикалық денсаулық сақтау саласындағы өзара іс-қимыл және байланыс шешімдері және басқа да сыртқы байланыстар сияқты аспектілерді қамтиды.
- *Білікті маман ретінде танылу* – бұл маман ретінде дербес тәжірибеге құқығы бар тұлғаның дайындық деңгейі.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

- *Ашықтық* ақпаратты сайт, ақпараттық жүйелер, баспа бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. арқылы ақпарат есебінен қамтамасыз етіледі, ал процеске қатысушылардың барлығы басқару шешімі туралы біледі және оны талқылай алады.
- *Академиялық басшылық* - бұл бағдарламаны іске асырудағы кәсіби мәселелер бойынша шешімдерге, оқыту мен оқудағы академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, денсаулық сақтау жүйесінде зерттеулер жүргізу мен қызметтер көрсетуге, әкімшілендіру мен басқаруға жауапты болып табылатын басқару мен басқарушы құрылымдарындағы ұстанымдар мен тұлғалар және ректорды, проректорларды, декандарды, кафедра меңгерушілерін, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, курс басшыларын, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының басшыларын, сондай-ақ тұрақты комиссиялардың төрағаларын (білім алушыларды іріктеу, білім беру бағдарламаларын жоспарлау және білім алушыларға кеңес беру) қамтиды.
- *Білім беру бағдарламасының бюджетін басқару* әрбір ұйымдағы және әрбір елдегі бюджеттік практикаға байланысты болады және оқыту бағдарламасының ашық бюджеттік жоспарына байланысты болады.
- *Әкімшілік штат / персонал* – бұл саясат пен жоспарларды қабылдау мен жүзеге асыруда әкімшілік қолдау үшін жауапты және әкімшіліктің ұйымдық құрылымына байланысты басқару мен басқарушы құрылымдарына қатысты ұстанымдар мен тұлғалар, ол кеңсе бастығы мен қызметкерлерінен немесе бағдарлама өкілдері хатшылығынан және кәсіби басшылықтан, қаржы басқармасының басшыларынан, бюджеттік және бухгалтерлік бөлімдердің персоналынан, жоспарлау, персоналды басқару бөлімдерінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен және IT мамандарынан құралған.
- *Сапаны бақылаудың ішкі бағдарламасы* басқаруды тексеру және оны одан әрі жетілдіру қажеттілігін қарастыруды білдіреді.
- *Ұлттық органдар* ұлттық заңнамалық қағидалар мен ережелерге сәйкес құрылады, үкіметтік бірлік, ұйым немесе өзге де нормативтік немесе кәсіби орган болып табылады.
- Денсаулық сақтаудың ұлттық және жергілікті органдары, университеттер, медициналық кәсіби ұйымдар, қоғам және т.б. *тиісті мүдделі тараптар* болып табылады.

9. «ҮНЕМІ ЖАҢАРТУ» СТАНДАРТЫ

Медициналық білім беру ұйымы серпінді және әлеуметтік жауапты институт ретінде болуы **керек**:

9.1.1 мазмұнды, нәтижелерді/құзыреттерді, бағалау мен оқу ортасын, құрылымы мен функцияларын үнемі шолу және қайта қарау рәсімдеріне бастамашылық ету, кемшіліктерді құжаттау және жою;

9.1.2 үздіксіз жақсарту үшін ресурстар бөлу.

Медициналық білім беру ұйымы:

9.1.3 жаңарту процесін проспективті зерттеулер мен талдауларға және медициналық білім беру бойынша өзіндік зерделеу, бағалау және әдебиет нәтижелеріне негіздеу;

9.1.4 жаңарту және қайта құрылымдау процесі алдыңғы тәжірибеге, ағымдағы қызметке және болашаққа арналған перспективаларға сәйкес өзінің саясаты мен практикасын қайта қарауға әкелетініне кепілдік беру; жаңарту процесін мынадай мәселелерге бағыттау.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

9.1.5 Миссиясы мен түпкілікті нәтижелері туралы ережені қоғамның ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына бейімдеу.

9.1.6 Бітірушілерді оқытудың түпкілікті нәтижелерін клиникалық дағдыларды, қоғамдық денсаулық мәселелеріндегі дайындықты және МББҰ-ны бітіргеннен кейін бітірушілерге жүктелетін міндеттерге сәйкес пациенттерге медициналық көмек көрсету процесіне қатысуды қамтитын дипломнан кейінгі даярлау ортасының құжатталған қажеттіліктеріне сәйкес түрлендіру.

9.1.7 Білім берудегі заманауи теорияларды, ересектерді оқыту әдіснамасын, белсенді оқыту қағидаттарын назарға ала отырып, олардың тиісті және орынды болып табылатындығына кепілдік беру мақсатында білім беру бағдарламасының моделі мен әдістемелік тәсілдерді бейімдеу.

9.1.8 Білім беру бағдарламасының элементтерін түзету және олардың биомедициналық, мінез-құлық, әлеуметтік және клиникалық ғылымдардағы жетістіктерге, демографиялық жағдайдың және халықтың денсаулық жағдайының/сырқаттанушылық құрылымының және әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайлардың өзгеруіне сәйкес өзара байланысы және түзету процесі жаңа тиісті білімдерді, тұжырымдамалар мен әдістерді енгізуді және ескіргендерді алып тастауды қамтамасыз ететін болады.

9.1.9 Оқытудың соңғы нәтижелері мен оқыту мен оқу әдістеріндегі өзгерістерге сәйкес бағалау қағидаттарын, өткізу әдістері мен емтихандардың санын әзірлеу.

9.1.10 Өзгеретін күтулер мен жағдайларды, кадр ресурстарына қажеттілікті, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді және білім беру бағдарламасының қажеттіліктерін ескере отырып, студенттерді қабылдау саясатын және білім алушыларды іріктеу әдістерін бейімдеу.

9.1.11 Өзгеріп отыратын қажеттіліктерге сәйкес қызметкерлердің академиялық штатын қабылдау және қалыптастыру саясатын бейімдеу.

9.1.12 Білім беру ресурстарын өзгеріп отыратын қажеттіліктерге сәйкес жаңарту, мысалы, білім алушыларды қабылдау, академиялық қызметкерлердің саны мен бейіні, білім беру бағдарламасы.

9.1.13 Білім беру бағдарламасының мониторингі мен бағалау процесін жақсарту.

9.1.14 Өзгеріп отыратын мән-жайлар мен қажеттіліктер жағдайында тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін және перспективада мүдделі тараптардың әртүрлі топтарының мүдделерін қанағаттандыру үшін ұйымдық құрылымды және басқару қағидаттарын жетілдіру.

Критерийлерді сипаттауға арналған ұсыныстар:

✓ *Медициналық білім беру ұйымының өзгеретін жағдайларға уақтылы ден қоюын қамтамасыз етуге бағытталған жақында өткізілген және жоспарланған іс-шараларды сипаттаңыз.*

Анықтамалар мен түсініктемелер:

- Зерттеу, деректерді жинау және генерациялау және ең үздік тәжірибелер негізінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып жасалған дәлелдер.

БИБЛИОГРАФИЯ

1. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің стандарттары мен нұсқаулықтары. Еуропалық жоғары білім беруде сапаны қамтамасыз ету қауымдастығы. Хельсинки, Финляндия 2005, 36 б.
2. MacCarrick G. (2011) A practical guide to using the World Federation for Medical Education standards. WFME 2: educational program. Ir. J Med Sci. (2010) 179 (4):489–491. E-Pub 2010 Sep 17 (Received 10.10.2011 from Springer).
3. World Federation for Medical Education (2012) Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. WFME Office, University of Copenhagen, Denmark. (The 2012 Revision)
4. WHO/WFME (2005) Guidelines for Accreditation of Basic Medical Education. Geneva/Copenhagen, 2005.
5. World Federation for Medical Education (2007) Global Standards for Quality Improvement in Medical Education. European Specifications For Basic and Postgraduate Medical Education and Continuing Professional Development. MEDINE Quality Assurance Task Force, WFME Office, University of Copenhagen, Denmark.
6. World Federation for Medical Education (2005) Promotion of Accreditation of Basic Medical Education A Program within the Framework of the WHO/WFME Strategic Partnership to Improve Medical Education. WFME Office, the Panum Institute Faculty of Health Sciences, University of Copenhagen, 2005.
7. World Federation for Medical Education (1998) International standards in medical education: assessment and accreditation of medical schools' - educational programs. A WFME position paper. The Executive Council, the World Federation for Medical Education. Med Educ. 1998 Sep.; 32(5):549-58.
8. Н. Hallila et al. Международные стандарты ВФМО по улучшению качества в медицинском образовании: европейская спецификация, Дания, 2007, 80 с.
9. World Federation for Medical Education (2015) Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. WFME Office, University of Copenhagen, Denmark. (The 2017 Revision)

Сапар бағдарламасының ұсынылатын нысаны

КЕЛІСІЛДІ

Ректор _____

(медициналық білім беру ұйымының атауы)

_____ аты-жөні

201_ жылғы «__» _____

БЕКІТЕМІН

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ

директоры

_____ Жұмағұлова А.Б.

201_ жылғы «__» _____

IAAR СЫРТҚЫ САРАПТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ

_____ медициналық білім беру ұйымының атауы

САПАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сапармен барған күні: 201_ жылғы _____

Келген күні: 201_ жылғы _____

Кеткен күні: 201_ жылғы _____

| Күні және уақыты | Мақсатты топтарымен ССК жұмысы | Мақсатты топтардың қатысушыларының аты-жөндері және лауазымы | Жүргізілген жері |
|---|---|--|------------------|
| 201_ жылғы «__» _____ | | | |
| Күні бойы | ССК мүшелерінің келуі | | Қонақ үй |
| 16.00-18.00 | ССК алдын ала кездесуі (жауапкершілікті бөлу, сапардың негізгі мәселелері мен бағдарламаларын талқылау) | <i>IAAR сыртқы сарапшылары</i> | Қонақ үй |
| 18.00-19.00 | Кешкі ас (тек ССК мүшелеріне) | <i>IAAR сыртқы сарапшылары</i> | |
| 1-ші күні: 201_ жылғы «__» _____ | | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | |
|-------------|---|--|--|
| 9.00-9.30 | Сарапшылармен ұйымдық мәселелерді талқылау | <i>IAAR сыртқы сарапшылары</i> | Бас ғимарат, ССК арналған кабинет |
| 9.30-10.00 | МББҰ басшыларымен кездесу | Басшы (<i>аты-жөні</i>) | БҰ басшыларының кабинеті |
| 10.00-10.30 | МББҰ басшысының орынбасарларымен (проректор, директордың орынбасары, вице-президенттер) кездесу | <i>Лауазымы, аты-жөні</i> | Бас ғимарат, конференц-зал |
| 10.30-11.15 | ЖҚБ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен кездесу | <i>Лауазымы, аты-жөні (немесе № _ қосымша)</i> | Бас ғимарат, конференц-зал |
| 11.15-11.30 | Ішкі талқылау жүргізілетін кофе-брейк | <i>тек ССК мүшелері</i> | ССК кабинеті |
| 11.30-12.45 | МББҰ визуалды қарау | <i>Лауазымы, аты-жөні</i> | Бағыт бойынша |
| 13.00-14.00 | Түскі ас (тек ССК мүшелеріне) | <i>Түскі асқа үзіліс</i> | |
| 14.00-14.15 | ССК жұмысы | | ССК кабинеті |
| 14.15-15.00 | ББ басшыларымен кездесу | <i>Лауазымы, аты-жөні (немесе № _ қосымша)</i> | Бас ғимарат, Конференц-зал |
| 15.00-15.45 | Кафедра басшыларымен кездесу | <i>Лауазымы, аты-жөні (немесе № _ қосымша)</i> | Бас ғимарат, конференц-зал |
| 15.45-16.00 | Ішкі талқылау жүргізілетін кофе-брейк | <i>тек ССК мүшелері</i> | |
| 16.00-17.00 | Оқытушылармен кездесу | <i>Оқытушылардың тізімі (№_ қосымша)</i> | 1-кластер: №1 сат. ауд. 2-кластер: №2 сат. ауд. 3-кластер: №3 сат. ауд. |
| 17.00- | Оқытушылар | <i>Аккредиттелетін ББ-ның ПОҚ</i> | №513-519 |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | |
|---------------------------------|---|---|---|
| 18.00 | Ымен сауалнама жүргізу (қатар) | | КОМПЬЮТ. КЛ. |
| 17.00-18.00 | ССК жұмысы (нәтижелерді талқылау және 1 күннің қорытындысын шығару) | | ССК кабинеті |
| 18.00-19.00 | Кешкі ас (тек ССК мүшелері) | | |
| 2-ші күні: 201 жылғы « » | | | |
| 09.00-09.30 | ССК жұмысы (ұйымдастыру мәселелерін талқылау) | | ССК кабинеті |
| 09.30-12.30 | Кафедраларға бару | <i>Лауазымы, аты-жөні</i> | №5 оқу ғимараты №2 оқу ғимараты |
| 09.30-12.30 | Сабаққа қатысу | <i>Аккредиттелетін ББ кестелері бойынша</i> | №2, 5 оқу ғимараты |
| 12.30-13.00 | ССК жұмысы (пікір алмасу) | | ССК кабинеті |
| 13.00-14.00 | Түскі ас (тек ССК мүшелеріне) | Түскі асқа үзіліс | |
| 14.00-15.00 | Білім алушылармен кездесу | <i>Аккредиттелетін ББ білім алушылары (№_қосымша)</i> | 1-кластер: №1 сатылы аудитория 2-кластер: №2 сатылы аудитория 3-кластер: №3 сатылы аудитория |
| 15.00-16.00 | Білім алушыларға сауалнама (қатарлас) жүргізу. | <i>Аккредиттелетін ББ білім алушылары</i> | №513-519 комп.кл. |
| 15.00-16.00 | Жұмыс берушілермен кездесу | Мемлекеттік және қаржы мекемелерінің өкілдері, өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары (№_қосымша) | №1 сатылы аудитория |
| 16.00-16.30 | Ішкі талқылау жүргізілетін | тек ССК мүшелері | ССК кабинеті |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | |
|---------------------------------|--|---|----------------------------|
| | кофе-брейк | | |
| 16.30-17.00 | Түлектермен кездесу | Әрбір ББ бойынша түлектер – өкілдер (№_қосымша) | №1 сатылы аудитория |
| 17.00-18.00 | ССК жұмысы (профильдің бағалау параметрлерін талқылау, нәтижелерді талқылау және 2 күннің қорытындысын шығару) | тек ССК мүшелері | ССК кабинеті |
| 18.00-19.00 | Кешкі ас (тек ССК мүшелеріне) | | |
| 3-ші күні: 201 жылғы « » | | | |
| 09.00-09.30 | ССК жұмысы (ұйымдық мәселелерін талқылау) | <i>Практика базаларына, кафедра филиалдарына (клиникалық базаларға, оқу-клиникалық орталықтарға) бару</i> | ССК кабинеті |
| 09.30-12.30 | Практика базаларына, кафедра филиалдарына (клиникалық базаларға, оқу-клиникалық орталықтарға) бару | <i>Аты-жөні, практика базалары</i> | №_қосымша |
| 12.30-13.00 | ССК жұмысы (алқалық келісу және ССК бару нәтижелері туралы ауызша алдын ала пікір дайындау) | | ССК кабинеті |
| 13.00-14.00 | Түскі ас (тек ССК мүшелеріне) | <i>Түскі асқа үзіліс</i> | |
| 14.00-16.30 | ССК жұмысы | | ССК кабинеті |
| 16.30-17.00 | ССК БҰ басшылығымен қорытынды кездесуі | <i>ЖОО және құрылымдық бөлімшелердің басшылары</i> | Бас ғимарат, конференц-зал |
| | Кешкі ас (тек | | |

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

| | | | |
|--------------------------------------|------------------------------|--|--|
| 18.00-19.00 | ССК мүшелеріне) | | |
| Кесте бойынша | <i>ССК мүшелерінің кетуі</i> | | |
| 202 жылғы « <u> </u> » _____ | | | |

Титул парақтың үлгісі

Медициналық білім беру ұйымының атауы

БЕКІТТІ

Ректор

Аты, тегі

ҚОЛЫ

20__ «_____» _____

мөрі

Институционалдық аккредиттеу бойынша

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Қала, жылы

МББҰ үйлестірушісімен өзара іс-қимыл бағыты

Үйлестірушіні МББҰ-ның басшысы белгілейді. Үйлестірушіге МББҰ-ны институционалдық өзін-өзі бағалауды дайындау жұмыс тобының жетекшісі болу міндетті емес.

Үйлестіруші IAAR үйлестірушісімен МББҰ-ға сапарды жоспарлау және ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Аккредиттеу рәсімін өткізудің барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін МББҰ үйлестірушісі:

- ЖҚБ өзін-өзі бағалау есебін дайындау процесін үйлестіруге;
- IAAR-да өзін-өзі бағалау есебін уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге;
- ССК сапарының бағдарламасын уақтылы келісуге жәрдемдесуге;
- көлікпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, сапар бағдарламасына сәйкес объектілерге баруды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;
- ССК сапары кезінде ССК мүшелерінің МББҰ-ның нысаналы топтарымен кездесуін қамтамасыз етуге;
- нақты дәлсіздіктердің болуына ССК есебін келісуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

МББҰ үйлестірушісі сыртқы сараптама комиссиясы мүшелерінің сұрау салуы бойынша МББҰ туралы қажетті қосымша ақпаратты ұсынуға ықпал етеді.

Сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс орны

Сапар кезінде МББҰ сараптау комиссиясына панельдік отырыстар мен шолу сессиялары үшін жеке жұмыс орнын ұсынуы тиіс. Сапар уақытында сараптамалық комиссияның мүшелері ғана үй-жайға кіре алады.

Сараптау комиссиясына арналған үй-жай кең және басқа үй-жайлардан бөлек болуы, сондай-ақ құжаттарға арналған үлкен үстелі, алқалы жұмысқа арналған үстелі, халықаралық байланысы бар телефон, Интернет желісіне қолжетімділігі бар компьютер және принтер болуы тиіс.

Сырттай бағалау процесіне байланысты барлық құжаттар, соның ішінде оқытушылар тізімі, білім беру бағдарламалары, жұмыс бағдарламалары, студенттік жұмыстар, зерттеу құжаттары, каталогтар, парақшалар және т.б. көрсетілген жұмыс бөлмесінде жиналуы керек.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін жасауға арналған жадынама

Есеп мынадай құрылымға сәйкес ұсынылуы керек:

Білім беру ұйымының және Аккредиттеу органының атауы көрсетілген титул парағы (1 бет.)

Білім беру ұйымының бірінші басшысының қолы қойылып, ұсынылған деректердің дұрыстығы мен дәлдігін растайтын өтініш (1-қосымша) (1 бет.)

Мазмұны (автоматты түрде өңделетін мазмұны бар) (1 бет.)

Білім беру ұйымының профайлы (осы Нұсқаулықтың 6-бөлімінің талаптарына сәйкес қалыптастырылады) (1-2 бет.)

I Белгілер мен қысқартулар (1-2 бет.)

Өзін-өзі бағалау есебінің мәтінінде пайдаланылған белгілер мен қысқартулардың тізімі келтірілген.

II Кіріспе (1 бет.)

Қайта аккредиттеу жүргізілген жағдайда, сыртқы бағалаудан өту негізі, алдыңғы аккредиттеудің қорытындысы (Аккредиттеу органы, сыртқы бағалау жүргізілген аккредиттеу стандарттары және аккредиттеу мәртебесі) көрсетіледі.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуде қолданылған әдістердің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (жұмыс тобын белгілеу, мүдделі тараптарды тарту және т.б.).

III Білім беру ұйымын таныстыру (1-2 бет.)

Білім беру деңгейлері бойынша ББ сандық деректерін көрсете отырып, білім беру ұйымы қызметінің түрлері, білім беру қызметтерінің бағыттары туралы қысқаша тарихы, мәліметтер, ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігіндегі білім беру ұйымының жағдайы мен мәртебесі туралы ақпарат келтіріледі.

Білім беру ұйымында жұмыс істейтін ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бірегейлігі байқалады.

IV Алдыңғы аккредиттеу (1-5 бет.)

Алдыңғы аккредиттеу қорытындыларының қысқаша сипаттамасы ССК-ның әрбір ұсынымының талдау және орындалу дәрежесімен келтіріледі.

V Институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі (70-80 бет.)

Білім беру ұйымының институционалдық аккредиттеудің әрбір стандартының критерийлеріне сәйкестігіне өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша әзірленген дәлелді және талдамалық материал ұсынылады. БҰ қызметінің ағымдағы жай-күйін талдау нәтижесі көрсетіледі, стандарттардың критерийлеріне сәйкес сапаны және оның тетіктерінің тиімділігін ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуінің нәтижелілігі туралы материал ұсынылады.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен нұсқаулық (ESG негізінде)

5.1 Әрбір Стандарт:

Білім беру ұйымының осы стандарттың критерийлеріне сәйкестігі туралы дәлелді және талдамалық материалдарды қамтиды, осылайша өзін-өзі бағалау нәтижелерін дәйекті түрде көрсетеді.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыс тобының критерийлерді бағалауына сәйкес білім беру ұйымының ұстанымдарының негіздемелері келтіріледі (жоғары, қанағаттанарлық, жақсартуды көздейді, қанағаттанарлықсыз). «Жақсартуды көздейді» және «қанағаттанарлықсыз» деген бағалау жағдайында, позицияны күшейту үшін болжанатын шаралар көрсетіледі.

Әр бөлімнің соңында критерийлер бойынша ББ жұмыс тобының тұжырымдары келтірілген, мысалы, «...» стандарты бойынша 7 критерий ашылды, олардың 3-уі жоғары, 3-уі қанағаттанарлық және 1-уі жақсартуды білдіреді».

VI SWOT-ТАЛДАУ (1-5 бет) (МА үшін қолданылмайды)

ББ өзін-өзі бағалау барысында анықталған күшті және әлсіз жақтардың, мүмкіндіктер мен қауіптердің институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне талдау келтіріледі.

VII Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы (7-8 бет.)

Өзін-өзі бағалау жөніндегі жұмыс тобының тұжырымдары ретінде қаралатын бағалау кестесінің ББ критерийлеріне (жоғары/ қанағаттанарлық/ жақсартуды көздейді/ қанағаттанарлықсыз) сәйкестігі туралы белгісі бар «Бейіннің параметрлері» бағалау кестесі келтіріледі («Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы» бөлімі).

Өзін-өзі бағалау есебіне қосымшалар (осы Нұсқаулықтың 6-бөлімінің талаптарына сәйкес жеке файлмен ресімделеді).